



Жоба Сорос-Қазақстан қорының қорының қаржылық қолдауымен дайындалды. Жарияланым мазмұнында авторлардың көзқарасы көрініс тапқан, сәйкесінше Сорос-Қазақстан қорының көзқарасымен сәйкес келмеуі мүмкін. Жариялымдағы мәліметтер, фактілер мен қорытындылар үшін жауапкершілік авторлардың еншісінде.



ҚАРЛЫҒАШ ҚАБАТОВА

Қарлығаш Қабатова — тәуелсіз зерттеуші, жасөспірімдер мен ата-аналарға арналған www.UyatEmes.kz ағартушылық жобасының авторы, «PaperLab» ҚҚ зерттеу тобының мүшесі. Қарлығаштың жуырдағы жұмыс тәжірибесіне Джон Смит Қорының Орталық Азияға арналған бағдарламасына қатысу, Джордж Вашингтон Университеті жанындағы Орталық Азия мен Әзірбайжанға арналған стипендиялық бағдарлама бойынша ғылыми тағылымдамадан өту, Орталық Азия Университеті үшін студенттерді рекрутингтеу, Норвегиялық Хельсинки Комитетінің құжаттық жобасына қатыс кіреді. Қарлығаш — Бішкектегі ЕҚЫҰ Академиясының магистрлік бағдарламасының (Орталық Азиядағы саясат және қауіпсіздік), Сорос Қазақстан Қорының жария саясат саласындағы жас зерттеушілерге арналған бағдарламасының, «Болашақ» стипендиялық бағдарламасының түлегі. Зерттеу мүдделеріне жыныстық сауат ашу, гендерлік мәселелер, адам құқықтары, жария саясатты қалыптастыру кіреді.

Автормен karlygash.kabatova@gmail.com электрондық поштасы арқылы хабарласуға болады.

МАЗМҰНЫ

- 5 — Глоссарий
- 6 — Қысқартулар тізімі
- 7 — Кіріспе
- 9 — Зерттеу мақсаттары
- 9 — Әдістеме
- 10 — Жасөспірімдермен фокус-топтар
- 11 — Ата-аналармен фокус-топтар
- 11 — **1. Жасөспірімдермен фокус-топтарды талдау. Жасөспірімдердің сексуалды және репродуктивті денсаулыққа қатысты сауаттылығына түрлі факторлардың әсері**
- 12 — 1.1 Мәдени-тілдік әлеуметтендіру
- 14 — 1.2 Отбасылық қарым-қатынастың ықпалы
- 15 — 1.3 Мектептегі білім мен гендерлік нормаларға қатысты түсініктердің ықпалы
- 18 — **2. Ата-аналармен фокус-топтарды талдау. Балаларға жыныстық тәрбие беруге түрлі факторлардың ықпал етуі**

18	2.1 Мәдени-тілдік әлеуметтендірудің ерекшеліктері
21	2.2 Ересектердің балалар мен жасөспірімдерді қабылдауы
23	2.3 Ата-аналардың қыздар мен ұл балаларға бағытталған ішкі түрткілерінің айырмашылығы
25	2.4 Фокус-топтар бойынша қорытындылар
27	3. Қазақстандағы жастардың жыныстық сауатын ашудың мүмкіншілігі
27	3.1 Ұят және ғұрыптылық: мәдени мәнмәтінді ескеру неліктен маңызды?
30	3.2 Қазақстандық жасөспірімдер мен ата-аналардың көзімен жыныстық сауат ашу қандай болуға тиіс
33	3.3 Қазақстан мектептерінде жыныстық сауат ашудың ұсынбалы үлгісі
37	Ұсынымдар
39	Қорытынды
40	Қосымша 1. Жыныстық сауат ашудың болжамдық мазмұны
43	Қосымша 2. Жыныстық сауат ашудың болжамдық мазмұны: Кіші буын
46	Қосымша 3. Жыныстық сауат ашудың болжамдық мазмұны: Орта буын
49	Қосымша 4. Жыныстық сауат ашудың болжамдық мазмұны: Жоғарғы буын
52	Қолданылған дереккөздер

ГЛОССАРИЙ

ЖЫНЫСТЫҚ САУАТ АШУ – жасқа сәйкес жыныстық жетілу, репродуктивті жүйе, салауатты қарым-қатынас, контрацепция жолдары мен басқалары жайында белгілі бір білім жинағын ұсыну және гендерлік нанымдардан еркін тұлғаны қалыптастыруға, сексуалды және репродуктивті денсаулықты сақтауға қажетті тәжірибелік және әлеуметтік дағдыларға үйрету.

ГЕНДЕР – адамды әйел және ер ретінде (көп жағдайда) белгілейтін әлеуметтік ұйымдастырылған (туа біткен емес) сипаттамалар жиынтығы.

ГЕНДЕРЛІК НОРМАЛАР – бұл әйелдер мен ерлердің қоғамда қабылданған және тиісті, «дұрыс» деп саналатын мінез-құлқының үлгілері.

ГЕНДЕРЛІК ТЕҢДІК «әйелдер мен ерлердің әлеуметтік құнды игіліктерге, мүмкіндіктерге, ресурстар мен сыйақыларға тең ие болуын білдіреді. Гендерлік теңдік ерлер мен әйелдердің бірдей болатынын емес, олардың мүмкіндіктері мен өмірлік мүмкіншіліктерінің тең екенін білдіреді» (Канадалық халықаралық даму агенттігінің анықтамасы).

ЖЫНЫС – бұл адамның туу кезіндегі және оны әйел немесе ер ретінде анықтайтын физиологиялық сипаттамалар.

РЕПРОДУКТИВТІ ДЕНСАУЛЫҚ – бұл жауапты, қанағаттандыратын, әрі қауіпсіз жыныстық өмір сүру, сондай-ақ бала туу қабілетін сақтау және балалардың қашан және қандай мөлшерде болуына қатысты таңдау мүмкіндігіне ие болу мүмкіндігі (ДДСҰ анықтамасы).

СЕКСУАЛДЫ ДЕНСАУЛЫҚ – бұл сексуалдылықпен байланысты физикалық, психикалық және әлеуметтік әл-ауқаттың жағдайы. Ол үшін сексуалдылық пен жыныстық қарым-қатынасқа оң көзбен және құрметпен қарау, сондай-ақ мәжбүрлеуден, кемсітушіліктен және зорлық-зомбылықтан еркін, ләззатқа бөлейтін және қауіпсіз секске ие болу мүмкіндігі қажет (ДДСҰ анықтамасы).

ҚЫСҚАРТУЛАР ТІЗІМІ

АИТВ — адамның иммун тапшылығының вирусы

ДДСҰ — Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы

ЖЖБИ — жыныстық жолмен берілетін инфекциялар

ҚР ДСМ — Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі

ҚР БжҒМ — Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі

БҰҰ — Біріккен Ұлттар Ұйымы

ЖИТС — жұқтырылған иммун тапшылығының синдромы

СРД — сексуалды және репродуктивті денсаулық

ЮНЕСКО — БҰҰ-ның білім, ғылым және мәдениет мәселелері жөніндегі мамандырылған мекемесі

ЮНФПА — БҰҰ-ның Тұрғын халықтың қоныстануы саласындағы қоры

КІРІСПЕ

Орталық Азияның басқа елдеріндегі сияқты Қазақстанда да жасөспірімдердің жүктілігі, демек жасөспірім қыз балалардың жасанды түсік жасатуы, тастанды сәбилер мен ерте жастан некеге тұруы, сондай-ақ жыныстық жолмен берілетін инфекциялардың (ЖЖБИ) таралуы өзекті мәселелер қатарында. 2018 жылғы ірі әлеуметтік зерттеудің мәліметтері бойынша, ҚР-да жыныстық қатынас басталуының орташа жасы 16,5 жасты құрады, ал 16-19 жастағы адамдардың 46% ЖЖБИ жұқтыру мен жасанды түсіктің салдары туралы мүлдем білмейді.¹ Мектепте бұл жайлы оқымайды, ата-аналары балаларымен бұл тақырыпқа мәдени ерекшеліктерге байланысты сөйлеспейді, қоғам жасөспірімдердің «бос» мінез-құлқын айыптайды, алайда іс жүзінде ешқандай шара қолданылмайды. Сексуалды және репродуктивті денсаулық туралы негізгі ақпарат көздері – бұл интернет және әлеуметтік желілер. Ал, бұл «алынатын ақпараттың сапасы мен шынайылығына қатысты сұрақтар туғызады».²

Дамыған елдерде жан-жақты жыныстық білім беру жастардың сексуалды және репродуктивті денсаулыққа қатысты сауатсыздығы мәселесін шешіп қана қоймай, ұл және қыз балаларды қоғамның тең мүшелерін бір-бірінен көруге, салауатты қарым-қатынас құруға үйретеді. Қазақстанда әлі де патриархаттық көзқарас өте күшті, бұл туралы әйелдерге қарсы зорлық-зомбылық пен онлайн қудалау жағдайлары бойынша айтуға болады. Көптеген проблемалардың түп-тамыры гендерлік тең құқықтықтың төмен деңгейінде, олардың ішінде жыныстық және отбасындағы зорлық-зомбылық та бар. «БҰҰ-Әйелдер» қорының мәліметтері бойынша, жыл сайын біздің елімізде «отбасындағы зорлық-зомбылық салдарынан 400-ге жуық әйел қаза болады».³

Балаларда ерлер мен әйелдердің теңдей жағдайына қатысты түсінігін қалыптастыратындықтан, жастарға жыныстық білім беру болашақта қоғамның тұрақты дамуына ықпалын тигізеді. Алайда, Қазақстанда жыныстық сауат ашу мектеп бағдарламасына кірмейді. Білім беру жүйесіне жыныстық сауат ашуды енгізу пайдасына қатысты толық дәлелдерді, сондай-ақ бұл әлі неге орын алмағаны жайлы жүйелі себептердің зерттеуін автордың бұрынғы жұмысынан табуға болады.⁴ Бұл мәселені парламенттің кейбір депутаттары, халықаралық және үкіметтік емес ұйымдар кезең-кезеңімен көтереді, ал ҚР Денсаулық сақтау министрлігі тіпті «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Қазақстан Республикасының Кодексіне,⁵ сексуалды және репродук-

1 Алимбеков Г. Т. және Шабденва А. Б. 15–19 жастағы жасөспірімдер мен жастардың репродуктивті денсаулық жағдайын, олардың жыныстық мінез-құлқын және репродуктивті денсаулықты қорғау саласындағы қызметтер мен ақпараттардың қолжетімдігін зерттеу бойынша әлеуметтік зерттеу. — Қоғамдық пікірді зерттеу орталығы: Алматы, 2018 ж.

2 Ibid., с. 59.

3 "БҰҰ: Бір жыл ішінде 50 мыңға жуық әйел отбасындағы зорлық-зомбылықтан қаза тапты." Азаттық Радиосы. 9 шілде 2019 ж. // <https://rus.azattyq.org/a/30044927.html>.

4 Қабатова Қарлығаш және Сергей Маринин. "Қазақстан Республикасының мектепте білім беру жүйесіндегі жыныстық сауат ашу: Оқытуға болмайды, үнсіз қаламыз ба?" Soros Kazakhstan Foundation, опубликовано 17.04.2018 ж. // https://www.soros.kz/ru/research_about_sexual_education/

5 "«Денсаулық туралы» жаңа Кодекстің жобасын талқылау". Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі, 08.24.2018 ж. // <http://dsm.gov.kz/ru/content/obsuzhdenie-proekta-novogo-kodeksa-o-zdorove>.

тивті денсаулық бойынша жасөспірімдерге арналған білім беру бағдарламаларын әзірлеуді және 16 жастан бастап кәмелетке толмағандардың медициналық қызметтердің кең спектріне дербес қол жеткізуін қамтамасыз етуді көздейтін түзетулер енгізуді ұсынды. Өкінішке орай, мұндай бастамалар аз қолдау табады, өйткені балаларға жыныстық білім беру тақырыбы көптеген мифке толы. Жалпы, бұл өте күрделі іс болып табылады, ол үшін ресурстар да, жауапкершілік алуға ниет білдірушілер де жоқ.⁶

Сонымен қатар, халықаралық институттар Қазақстанды қоса алғанда, елдерге балалар мен жастарға сексуалды және репродуктивті денсаулық және оған қатысты құқықтар тақырыбында білім беруді ұсынады. Бұл мәселелердегі сауаттылық балалар мен әйелдердің құқықтарын сақтаумен, гендерлік тең құқықты қалыптастырумен және жыныстық, отбасындағы және гендерлік зорлық-зомбылықты жоюмен тығыз байланысты. Әйелдерге қатысты кемсітушілікті жою комитеті (CEDAW) Қазақстан туралы бесінші кезеңдік есеп бойынша қорытынды ескертулерде (2019 жылғы 21 қазан — 8 қараша) мыналарды ұсынады:

«П. 36 b) Мектеп бағдарламасына: (i) әйелдердің құқықтарын, қоғамдық өмір аясындағы аса көрнекті әйелдерді сипаттауды, гендерлік стереотиптердің туындауын және гендерлік кемсідуді қоса алғанда, гендерлік теңдік жөніндегі инклюзивті және қолжетімді контентті және (ii) жауапты жыныстық мінез-құлыққа ерекше назар аудара отырып, қыздар мен бозбалаларға жан-жақты жыныстық білім беруді қоса алғанда, сексуалды және репродуктивті денсаулық пен құқықтар бойынша жасына сәйкес келетін білім әзірлеу және енгізу»;⁷

«П. 40 b) БАҚ-та жыныстық білім беру және ақпараттық кампаниялар арқылы контрацепцияның қазіргі заманғы түрлері туралы жұртшылықтың хабардар болуын арттыру және жасанды түсік жасату контрацепция құралы болып табылмайтынын түсінуді қамтамасыз ету».

БҰҰ Бас Ассамблеясының Адам құқықтары жөніндегі кеңесінің Әмбебап кезеңдік шолу жөніндегі жұмыс тобының баяндамасының жобасы (Женева, 2019 ж. 4–15 қараша) ұсынады:

«П. 139.161 Мектептегі білім берудің барлық сатыларында және мектептен тыс жан-жақты жыныстық сауат ашуды енгізу».⁸

Әрине, біз шетелдік тәжірибені жергілікті мәдени, әлеуметтік, саяси мәнмәтіндерді ескерместен, ойламай қабылдауымыз екіталай. Сондықтан осы зерттеуді жүргізу ұйғарылды. Бұл зерттеу Қазақстанда мектептегі жыныстық білім беруді жүзеге асырудың ең тиімді жолдарын және маңызды факторларын анықтауға бағытталған.

6 Ibid., 4. Қ. Қабатова, С. Маринин.

7 Committee on the Elimination of Discrimination against Women. "Concluding observations on the fifth periodic report of Kazakhstan", Geneva, November 8, 2019/ CEDAW/C/KAZ/CO/5 (автордың аудармасы).

8 United Nations General Assembly, Human Rights Council Working Group on the Universal Periodic Review. Thirty-Fourth Session. "Draft Report of the Working Group on the Universal Periodic Review: Kazakhstan", Geneva, November 22, 2019. https://www.upr-info.org/sites/default/files/document/kazakhstan/session_34_-_november_2019/kazakhstan_-_full_draft_report_for_circulation-ad_referendum.pdf. (автордың аудармасы).

Кейбір мемлекет қайраткерлері Қазақстандағы бала тууды арттыру қажеттілігін ақтай отырып, қалаусыз және жасөспірімдер жүктілігін қысқарту туралы бастамаларға наразы.⁹ Алайда, көп балалы отбасылардың әлеуметтік және экономикалық күйіне қатысты тәжірибе көрсеткендей, мұндай біржақты көзқарас елдегі конструктивті өзгерістерді жоққа шығарады. Бұны жасөспірімдер жүктілігіне қатысты ғылыми деректер растап отыр: «жасөспірім аналардан туған балалар үшін нәресте өлімінің қаупі 60%-ға артты, туу кезіндегі салмақтың жеткіліксіз болуы 30%-ға артты, ал кедейліктегі өмір сүру тәуекелі 63%-ға жоғары».¹⁰

ЗЕРТТЕУ МАҚСАТТАРЫ

Бұл зерттеу үш мақсатты көздейді:

- 1** Жасөспірімдер мен ата-аналар арасындағы жыныстық сауат ашу, салауатты қарым-қатынас және жыныстық сауаттылыққа қатысты дискурстар туралы түсінік алу. Жастардың жыныстық сауатын ашу қажеттілігі болған жағдайда мұндай білім беру жасөспірімдер мен ата-аналар үшін қандай нысанда қолайлы және дұрыс екенін анықтау.
- 2** Отандық және халықаралық сарапшылармен сұхбат, фокус-топтардан алынған деректерді талдау негізінде және қазақстандық мәдени-әлеуметтік контексті, сондай-ақ халықаралық тәжірибені ескере отырып, Қазақстан Республикасындағы мектептік білім беру жүйесіне жыныстық сауат ашуды енгізу бойынша ұсынымдар қалыптастыру. Алғашқы қадам ретінде мектептегі жыныстық сауат ашудың болжамды мазмұнын анықтау.
- 3** Тиісті ведомстволар мен мемлекеттік органдар арасында мектептегі білім беруге жыныстық сауат ашуды енгізу жөніндегі ұсынымдарды тарату және оларды шешім қабылдайтын тұлғаларға жеткізу.

ӘДІСТЕМЕ

Осы жұмыста сапалы зерттеу әдістері қолданылды, атап айтқанда кіші және жасөспірімдер жасындағы балалардың ата-аналарымен (а) және (b) 14–17 жастағы жасөспірімдермен фокус-топтар, сондай-ақ Қазақстанның, Шотландия мен Англияның мемлекеттік органдарының мамандарымен және өкілдерімен сараптамалық сұхбат. Жасөспірімдер мен ата-аналар фокус-топтарына қатысушылардың өзара тааныстығы мен туыстық қатынасы болмады.

9 Sputnik/i/logo.png. “Оқушыларға арналған мүшеқаптар: Көп балалы әке-депутат ұсынысқа наразылық білдірді.” Sputnik Қазақстан. Sputnik Қазақстан, 18 февраля 2019 г. // <https://ru.sputniknews.kz/health/20190218/9336529/prezervativy-shkolniki-mazhilis-deputat.html>.

10 Hadley, Alison. “Teenage Pregnancy and Young Parents: a Short Briefing.” Teenage Pregnancy Knowledge Exchange, University of Bedfordshire. Luton, United Kingdom, April, 2019. // <https://www.beds.ac.uk/tpke/briefings>

Тек сандық зерттеулер адамдардың қалың бұқарасын зерттейтіндіктен ғана валидтік деп саналуы мүмкін деген пікір болса да, бұл жұмыс үшін фокус-топтарды өткізу ең қолайлы әдіс болып табылды. Ата-аналар мен жасөспірімдердің қалай ойлайтынын, пайымдайтынын есту үшін сол ортаға «шому» маңызды болды, себебі «[д]әл осы фокус-топта адамдар жеке сұхбаттан, сауалнамадан немесе әлеуметтік-психологиялық зерттеудің басқа да әдістерінен алу мүмкін емес көзқарастармен бөліседі, өзін табиғи түрде көрсетіп, ашылады».¹¹

Дала жұмыстарын жүргізу үшін бес қала іріктелді — Алматы, Атырау, Нұр-Сұлтан, Шымкент, Өскемен, өйткені олар бірден бірнеше критерийлерді қанағаттандырады:

- әр түрлі аймақтарды қамтиды (орталық, батыс-шығыс, оңтүстік-солтүстік);
- халықтың түрлі құрамы бар мегаполис және елдің мәдени орталығы;
- мектептерге жоғары талап қойылатын және назар аударылатын астана;
- жергілікті мәдени және әлеуметтік нормалар балаларға білім беру мен тәрбиелеу әдістеріне басқаша әсер етуі мүмкін өңірлер.

Қатысушылардың әртүрлілігін қамтамасыз ету үшін, бірақ ерекше талаптарды қатаң есепке ала отырып, қатысушыларды рекрутингілеу үшін әлеуметтік зерттеулер жүргізуге маманданған компания жалданған болатын.

ЖАСӨСПІРІМДЕРМЕН ФОКУС-ТОПТАР

Жасөспірімдер фокус-топтары үшін жоғарғы мектеп буынының (9–12 сынып) өкілдері іріктелді, яғни 14–17 жастағы адамдар. Қазақ және орыс тілді жасөспірімдер тең дәрежеде таңдап алынды, топтардың тең гендерлік құрамы сақталған. Қатысушылардың ата-аналары балаларының зерттеуге қатысуына жазбаша рұқсат берді.

Фокус-топтарды талдау барысында зерттеушілер: жасөспірімдер сексуалдылық пен денсаулыққа қатысты қызықты ақпаратты қайдан табады, қандай ақпарат аса маңызды, оны табу қаншалықты қиын, олар кімнен білім алғысы келеді, қандай жағдайларда, қай жастан бастап; қандай ақпарат беру құралдары оларды тартады және білім мен дағдыларды меңгеруге неғұрлым тиімді мүмкіндік береді деген сұрақтарға жауап алуға тырысты.

Жасөспірімдермен фокус-топтарды талдау келесі аспектілерге көп көңіл бөледі:

11 Тавокин Евгений Петрович. Әлеуметтік зерттеу әдістемесінің негіздері. — Москва: ИНФРА-М, 2009 ж. 177 бет.

Модератор:

«Менструацияның неден пайда болатынын білесіңдер ме?»

Респондент 2 (ер), 16 жас (Шымкент қ.):

«Денеден артық қан бөлінеді. Мектепте бізге сондай артық қанның болатынын айтқан».

Жыныстық актінің техникалық түрде қалай болатынын түсінсе де, өздерін қалаусыз жүктіліктен және жыныстық инфекцияларды жұқтырудан қалай қорғау керектігі жайлы жасөспірімдерде жеткіліксіз немесе бұрмаланған ақпарат болған.

«Шағын қалаларда достарым бар. Олар секстің не екенін және онымен қалай айналысу керектігін біледі, алайда контрацепцияның не екенін білмейді».

Респондент 3 (ер), 17 жас (Алматы қ.):

«Мен қыздарға 17 жасында жыныстық қатынасқа түсуге кеңес берілетінін естігенмін, себебі 18 жаста онда бактерия дамиды екен...»

Респондент 6 (ер), 17 жас (Алматы қ.):

Респондент 4 (ер), 16 жас (Атырау қ.):

«Аурудан арнайы спрей, сұйықтық барын естідім. Олар дезинфекциялайды».

Модератор:

«Яғни, мүшеқапсыз спрей арқылы қорғалуға бола ма?»

Респондент 4 (ер):

«Мен солай естідім».

1.1 МӘДЕНИ-ТІЛДІК ӘЛЕУМЕТТЕНДІРУ

Фокус-топтарда жасөспірімдер өздерінің жақын ортасында — отбасында, мектепте, қоғамда берілетін көзқарастар мен түсініктерді көрсетті. Өңір мен тілге қарамастан, барлық жасөспірімдер сексуалдылық, гендерлік рөлдерге, қарым-қатынасқа қатысты патриархалдық көзқарастардың басым екенін көрсетті.

Респондент 7 (ер), 16 жас (Шымкент қ.):

«Жыныстық білім беру — бұл үйленгенге дейін екі жастың жыныстық қатынасқа түспеуі, оны алдын алу жолдары».

Модератор:

«Қай жастан бастап осындай [жыныстық] қатынасқа түсуге болады деп ойлайсыздар?»

Респондент 5 (ер), 16 жас (Шымкент қ.):

«25 жастан бастап, өйткені 25 жаста ғана толық жыныстық жетілесің. 22–23 жаста бала ауру болып тууы мүмкін».

Дегенмен отбасы мен ортада басым тіл мен патриархалдық ұстанымдардың күші арасындағы байланыс ерекше назар аударуға тұрарлық. Жалпы алғанда, қазақстандық жасөспірімнің екі жинақтама бейнесі қалыптасты: (1) көбірек білу үшін ашық және өз пікірін айтуға бейім, неғұрлым ақпараттандырылған жасөспірім; (2) аз дәрежеде сенімді ақпаратқа ие, бірақ көбірек білу мен қызығушылық танытудан қауіптенетін ұстамды жасөспірім. Қазақстанның бес қаласында өткізілген фокус-топтарды ескере отырып, мұндай айырмашылық жасөспірімдердің мәдени-тілдік әлеуметт нуіне байланысты деген қорытынды жасауға болады.

Екі тілді немесе орыс тілді ортада өсетін жасөспірімдерді шартты түрде бірінші типке, ал қазақ тілді отбасында тәрбиеленетін және қазақ тілінде оқитын жасөспірімдерді екінші типке жатқызуға болады. Екіншілерде ата-аналарымен иерархиялық қарым-қатынас орнаған. Ата-аналарының алдында кейбір қорқыныш бар, олардың консервативті, патриархалдық көзқарастарына сай болуды қалайды. Жасөспірім мен ата-ана арасындағы сипатталған қарым-қатынас бойынша, мұндай отбасыларда ашық сөйлесулер, денсаулық және қауіпсіздік мәселелерін талқылау тәжірибесі мүлдем жоқ, не ол өте аз. Балалар ата-анасының көңіл-күйін сөзсіз сезінеді және олардың сеніміне сәйкес өзін-өзі ұстауға тырысады.

«Ата-аналар балаға ұят деп қорқыныш ұялатады, сондықтан бала қорқып, қателік жасайды».

Респондент 2 (әйел), 16 жас (Нұр-Сұлтан қ.):

«Орыс сыныбында оқитындар ересек болып көрінумен қатар, олар бұл туралы көбірек айтатын шығар. Қазақ сыныптарының балалары үндемей жасап, жасырады. Оларды ұялтады. Бұл қазақтың менталитеті мен басқа тәрбиеден шығар».

Респондент 4 (әйел), 16 жас (Нұр-Сұлтан қ.):

Екі тілді — қазақ және орыс тілін, немесе тек орыс тілін (этникалық қатыстылығына қарамастан) қолданатын отбасылардағы жасөспірімдер өздерінің пікірін ашық түрде білдіреді, ата-аналарына проблемаларымен немесе сұрақтармен жүгіне алатындарын айтады.

«Мен ата-анаммен жақын қарым-қатынастамын. Ата-анам менің кіммен және қайда жүргенімнен хабардар. Арамызда сенім бар. Мен сұрауға қысылмаймын. Анам бәрін түсіндіріп, не істеу керектігін, қалай жүру керектігін айтып береді. Ата-анам қатал емес, олар менің қатынасуыма кедергі жасамайды. Менің кіммен және қандай адамдармен арасатынымды біледі. Бәрін ашық айтамыз. Менің ойымша, әр ата-ана осылай сөйлесіп, түсінісе білуі керек. Бұл өте дұрыс».

Респондент 6 (әйел), 14 жас (Шымкент қ.):

Осы мәдени-тілдік айырмашылықтан жасалатын басты қорытынды, бұл оқыту тіліне байланысты жыныстық сауат ашу тәсілі де өзгеше болу керек. Бағдарламаны орыс тілінде әзірлеп, оны қазақ тіліне аударуға келмейді. Қазақ тілінде оқыту біртіндеп жасөспірімдерді сезімтал тақырыптарға қатысты ақпарат алуға дайындап, неғұрлым жұмсақ болуы керек.

1.2 ОТБАСЫЛЫҚ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСТЫҢ ЫҚПАЛЫ

Ата-аналарымен сенімді қарым-қатынас туралы айтқан респонденттер талқылауда жыныстық жетілу процесі, сексуалды және репродуктивті денсаулық, салауатты қарым-қатынас туралы терең білімдерін көрсетті. Мұнда отбасы ішіндегі қарым-қатынас сапасы мен жасөспірімнің ақпараттылығы арасындағы оң өзара байланыс көрінеді. Ондай жасөспірімдер екі тілді немесе орыс тілді отбасынан болды.

Қалған жағдайларда жасөспірімдер жыныстық қатынасқа деген қызығушылыққа қатысты күдік пен ұялу сезімін тудырмай, ата-анасымен немесе басқа да жақын туыстарымен осындай тақырыптарды қозғаудан қауіптенген. Бұл ретте көбінесе жасөспірімдер ата-аналарды жыныстық тұрғыда сауаттылық мәселелерінде білікті деп санайды және осындай сөйлесулердің ата-аналар тарапынан басталғанын қалайды.

«Жалпы, ата-ана бұл мәселені көтеру керек. Балалар «Бұл не?» деп сұраудан ұялады. Егер ата-ана ол тақырыпты өзі бастаса, балалар ашылады».

Респондент 8 (ер), 15 жас (Шымкент қ.):

«Дәл осы ата-анаға осындай курс қажет. Оларға балалармен сөйлесу керектігін түсіндіру керек».

Респондент 6 (ер), 17 жас (Алматы қ.):

«Сен өзіңді депрессияға дейін жеткізіп, ақымақтық жасай бастайсың. Осындай тақырыптарға сөйлесу керек. Көбінесе балалар ата-анасынан осы тақырыптар бойынша сұрауға қысылады».

Респондент 3 (ер), 17 жас (Алматы қ.):

Қазақ тілді отбасыларда сексуалды және репродуктивті денсаулық пен жұп арасындағы қарым-қатынас – ерекше сезімтал тақырып. Оны талқылаудан балалар да, ересектер де қашады. Ата-ана, ағалар мен әпкелер ашық айтпайды, бірақ балаларға жауапты болуы, «өздерін дұрыс ұстап, отбасын ұятқа қалдырмауы» жайында тұспалдап білдіреді.

Ата-аналар тарапынан үміт артудың қысымымен, тіпті сұрақтарымен олардың жаратпаушылығын тудырмас үшін балалар өзінің есейіп келе жатқан тәніне, адамдарға және тұлғааралық қарым-қатынастарға деген табиғи қызығушылығын басады. Балалардың түсінігінде ағзаның қалай жұмыс жасайтынына, сексуалды және репродуктивті денсаулыққа, адамдар арасындағы қарым-қатынастың қандай болатынына қатысты хабардарлық жыныстық жақындыққа ұмтылумен тең, ал бұл жаман және ұят. Бұлай ойлау қазақ тілді жасөспірімдер жыныстық жақындыққа баруға шешсе де, оларды контрацепция туралы қандай да бір ақпаратты іздеуден тоқтатады.

«Біз қазақпыз. Меніңше, бұның бәрін білу - қателік».

«Эрекция жайлы оқыған кезде ұялдым... Қысылғанымнан, шығып кеттім. Жиіркенішті».

Респондент 1 (ер), 16 жас (Атырау қ.):

1.3 МЕКТЕПТЕГІ БІЛІМ МЕН ГЕНДЕРЛІК НОРМАЛАРҒА ҚАТЫСТЫ ТҮСІНІКТЕРДІҢ ЫҚПАЛЫ

«Қазақстан Республикасының мектептегі білім беру жүйесінде жыныстық сауат ашу: оқытуға болмайды, үнсіз қаламыз ба?»¹³ атты алдыңғы жұмыста осы білім саласында балаларға білім берудегі сапалы дереккөздер мен жоспарлы, жүйелі тәсілдердің

13 Ibid., 5. Қ. Қабатова, С. Маринин.

болмау мәселесі қаралған болатын. Мектептерде қандай да бір жұмыс жүргізілсе де, жағдай бұрынғы күйінде қалып отыр. Фокус-топқа қатысушылардың айтуынша, жоғары сыныптарда қайта-қайта келіп жүретін мамандар бейнероликтерді көрсетумен бірге ерте жүктілік пен түсік тастау қаупі бойынша дәрістер өткізеді. Бұл жыныстық сауат ашу әрекеттері келесідей сипатталады:

- ерте жүктілік пен ЖЖБИ жұқтырудың алдын алу бойынша дәрістер жиі тек қыздармен жүргізіледі;
- егер контрацепция туралы дәрістер өткізілсе, онда тек ер балалар үшін;
- адамның репродуктивті жүйесі туралы биология оқулығындағы жалғыз бөлім сыныпта талқылаусыз өз бетінше оқуға қалдырылады.

Тыйым салулар жұмыс істемейтіні анық. 2012 жылы АҚШ-та бір топ ғалымдар жыныстық қатынастан тартыну, яғни некеге дейінгі жыныстық қатынасқа тыйым салуды насихаттауға негізделген жыныстық сауат ашу бойынша 23 оқу бағдарламасына мөта-талдау жасады.¹⁴ Бұл ауқымды талдау ерте жүктілік санын азайтуда, жасөспірімдер арасында АИТВ және ЖЖБИ жұқтыруда мұндай тәсілдің тиімсіздігін көрсетті. Алайда, мұндай алдын алу жолының тиімсіздігіне қарамастан, Қазақстанда дәл осы жыныстық қатынастан тартынуға баса назар аударылады.

«Сақтық шаралары туралы сөз етеді. Олай жасамаңдар, әйтпесе осылай болады. Интерактив бойынша барлық ақпаратты жинап, көрсетеді. Содан кейін бәрі мұны көріп, олай істемейміз деп айтады».

Респондент 7 (ер), 16 жас (Шымкент қ.):

Жасөспірімдер мұндай ақпараттың кеш жеткізілу сипатын атап өтіп, осындай дәрістердің 6-7 сыныптан бастап өткізілуіне тілек білдіреді. Басқа қалаларда қайталанған төмендегі пікірлерге қарағанда, мектеп мұғалімдері мектеп оқушыларының жыныстық білім алуына іс жүзінде қатыспайды.

«Мен тек 6 сыныпта білдім. Мұғалімдер бұл туралы ештеңе айтқан жоқ. Біз үзіліске шыққанда, достарым әрдайым порно-сайттарды қарайтын. Бәрін осылай біліп алатынбыз».

Респондент 1 (ер), 15 жас (Алматы қ.):

14 Santelli, John; Ott, Mary A.; Lyon, Maureen; Rogers, Jennifer; Summers, Daniel; Schleifer, Rebecca. "Abstinence and abstinence-only education: A review of U.S. policies and programs" // Journal of Adolescent Health. 38 (1): 72–81. doi:10.1016/j.jadohealth.2005.10.006.

Респондент 3 (әйел), 16 жас (Атырау қ.):

«Ешкім бұл тақырыпқа сөйлескісі келмейді».

Респондент 1 (ер), 16 жас (Атырау қ.):

«Мысалы, биология. Үшінші тоқсан сол туралы болатын, бірақ ешкім бұл тақырыпқа сөйлескен емес».

Респондент 4 (ер), 16 жас (Атырау қ.):

«Мұғалім тіпті қатыспайды».

Алдыңғы зерттеулерде көрсетілгендей, қыздар мен ұлдар арасындағы ақпарат пен ұсыныстардың үйлесімсіздігін бақылау қызығушылық тудырады. Білім беру қызметкерлері мен ата-аналарды қоса алғанда, ересектер де, жасөспірімдер де қыздардың жауапты мінез-құлқына қойылатын көтеріңкі талаптарды және ер балалардың мінез-құлқына босаңдық жасауды қалыпты деп санайды.

Талқылау кезінде қыздар мен ұлдар қоғамдағы әдетті гендерлік рөлдерге сай болуға тырысқаны байқалып тұрды: қыздар жыныстық сауат ашу мен жалпы жыныстық қатынасқа қатысты қызығушылығының жоқтығын көрсетсе, ұлдар, керісінше, осы тақырыптарда жоғары хабардарлықты мәлімдеген. Әрине, бұл ретте екі жақтан да ұялу байқалды. Осыдан оқу тілі мен аймаққа байланысты кейбір сабақтарды оқушылар сұрақтар қойып, мысалдар талқылаған кезде өздерін жайлы сезіну үшін бөлек өткізу керек деген қорытынды жасауға болады.

ҚЫЗДАРҒА ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР	ҰЛДАРҒА ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР
<p>«Бізге жалғыз жүрмеу керек деп айтады».</p> <p>«Денеге жабысып тұратын киімді кимендер».</p> <p>«Шаштарыңды жаймаңдар».</p> <p>«Бір жерге жібергенде, былай дейді: "Тәртіпті бол. Жігіттерге жабыспа, олардың ойында не бар екені белгісіз. Қазір зорлап кету жағдайлары көп"».</p> <p>«Жалғыз жүрме деп айтады».</p> <p>«Кешкі тоғыздан кейін шықпа».</p>	<p>«Мүшеқапты қолдан, осымен болды».</p> <p>«Ия, "Сақтан!" деп айтады. Болды».</p>

Кесте 1. Қыздар мен ұлдардың отбасыларында еститін сөздері. Нұр-Сұлтан, Өскемен, Шымкент қалаларында жасөспірімдермен өткізілген фокус-топтардан алынған дәйексөздер.

«Менің ойымша, жігіттерге қанша түсіндірсең де, олар түсіндейді. Өйткені, олар тіл алмайды. Олар ертеңгі күнді ойламайды».

Респондент 1 (ер), 16 жас (Атырау қ.):

Респондент 6 (ер), 17 жас (Алматы қ.):

«Мысалы, егер қыз бала бәрімен кездесіп жүрсе, ол туралы «Жезөкше!» дейді. Ал ұл бала сөйтсе, бұған қалыпты жағдай ретінде қарайды».

Модератор:

«Ұлдар, сендерге не деп айтады? Аға-әкелерің ақылдарын айта ма?»

Респондент 4 (әйел), 17 жас (Алматы қ.):

«Ұлдарға бәрі де рұқсат етілген».

Отбасында және мектепте секс пен жыныстық жақындасу жаман, лас және ұят деген ой, ішкі түрткі үздіксіз іске асады. Бұл ретте үйлесімді, ересек өзара қарым-қатынастар жайлы да оң негізде айтпайды. Жасөспірімдердің айтуынша, үйде ата-анасы балаларының көзінше бір-біріне деген нәзіктік сезімдерін танытпайды, ал теледидар арқылы сүйісуді көрсеткен кезде балаларға көздерін жабуды немесе бөлмеден шығуды айтады. Егер көп ұзамай ересек атанатын, өз отбасын құратын жасөспірімдер қарым-қатынас туралы ештеңе білмесе, қалайша салауатты отбасылық қарым-қатынас құруға үйренеді деген сұрақ туындайды. Олардың бар түсінетіні үйлену тойынан кейін жүкті болу ұят емес, бірақ некеде де үйлесімді қарым-қатынасты сақтау, бала тууды жоспарлау, өзінің сексуалды және репродуктивті денсаулығына қамқор жасау маңызды екенін ешкім түсіндірмейді.

2. АТА-АНАЛАРМЕН ФОКУС-ТОПТАРДЫ ТАЛДАУ

БАЛАЛАРҒА ЖЫНЫСТЫҚ ТӘРБИЕ БЕРУГЕ ТҮРЛІ ФАКТОРЛАРДЫҢ ЫҚПАЛ ЕТУІ

2.1 МӘДЕНИ-ТІЛДІК ӘЛЕУМЕТТЕНДІРУДІҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Жасөспірімдер сияқты ата-аналар да мәдени-тілдік принцип бойынша бөлінді. Бұл ретте орыс және қазақ тілдерін меңгерген, бірақ балалармен қарым-қатынаста және күнделікті өмірде көбінесе орыс тілін қолданатын ата-аналар жыныстық жетілу, гигиена туралы балалармен әңгіме жүргізуге, қарым-қатынаста достық са-

рынды қолдауға бейім екеніне назар аудару маңызды. Ұялса да, олар балаларының сауалдарын ашық қарсы алады. Құрдастарынан гөрі, ата-анасынан білуді жөн деп санайды, себебі ата-аналар сенімді ақпаратқа ие.

«Қызым екеуіміз барлық тақырыптарға сөйлесеміз. Анасы мен қызындай ғана емес, біз құрбылар сияқтымыз. Кез келген мәселені бірге шешуге тырысамыз. Арамызда «Сен кінәлісің, сен жазаланасың» деген түсінік жоқ.

Респондент 8 (әйел), 33 жас (Алматы қ.):

«Ең жақсысы — балаңмен дос болу. Бала «Әке, мен бір қызды ұнатып қалдым» деп ашылатындай қарым-қатынас болу керек. Ол ондай сәттерде ашылуға қысылмауы тиіс. Баламен дос болу керек».

Респондент 3 (ер), 36 жас (Нұр-Сұлтан қ.):

«Балаға ешқандай жағдайда ұрсуға болмайды. Ол тұйық болып қалуы мүмкін. Психиканы бұлай бұзуға болмайды. Бұл - қалыпты табиғи процесс. Өйткені, балалар ол тақырыпқа қызығушылық таныта бастайды».

Респондент 4 (әйел), 36 жас (Алматы қ.):

Өз тәрбиесінде консервативті көзқарасты алған қазақ тілді ата-аналар өз балаларын осындай мәнерде тәрбиелейді. Ұят қазақ отбасындағы қарым-қатынастың бар жақтарын қамтиды. Ата-аналар балаларға адамдар арасындағы қарым-қатынас туралы айтуға ұялады, балаларға контрацепция тәсілдері туралы ақпарат беруге ұялады, балалардың сұрақтарына жауап беруге ұялады. Егер олардың баласы некеге дейін жүкті болып қалса немесе жүкті қызды үйге әкелсе де, ұят болады. Тіпті, баланың біреумен қарым-қатынасының басталғанын білсе де, оның ерте жүктілік және ЖЖБИ жұқтыру қаупіне ұшырау мүмкіндігіне қарамастан, ата-аналарға бұл туралы әңгіме жүргізуге өте ұят.

«Біз балаларға бізді ұятқа қалдырмауын айтамыз. Бұл біздің ұят деген қазақи түсінігіміз. Балаларға мұндай әңгіме айтуды ұят дейміз. Біз оларға бала ретінде қараймыз. Көбі «Сен балаға мұндай әңгімені неге айтасың?» деуі мүмкін.

Респондент 2 (әйел), 43 жас (Атырау қ.):

«Біз балаларға үйдегі жағдайды сыртқа айтпауға үйретеміз. Мектептегі жағдайды да балаларым айтпайды».

Респондент 4 (әйел), 34 жас (Атырау қ.):

«Балалармен ашық сөйлесе алмауымызда біздің де кінәміз бар. Біз тек тыйым салуды білеміз».

Респондент 1 (әйел), 40 жас (Өскемен қ.):

Тілге қарамастан, барлық ата-аналар балалармен ашық сөйлесу оларды ұялтатынын айтқан. Тек қазақ тілді ата-аналар мұндай талқылаудан мүлдем қашуды қалаған, не бала қызығушылық танытса, оны қорқытып, ақыл сөздермен ескертуді жөн көрген.

«Мен ұлыма зинақорлық Аллахтың алдындағы ең ауыр күнәлардың бірі деп айтамын. Қажет болса, мен сені үйлендіремін. Құдайға шүкір, біз мұсылман мемлекетінде өмір сүреміз. АХАЖ-сыз да некеге тұруға болады. Мен сені өзім таспен атқылауға дайынмын... Қажет болса, бірден бәрін түсіндіріп айтамын: осы өмірде зинақорлық үшін жаза— өлімші етіп таспен ату».

Респондент 2 (ер), 33 жас (14 жастағы ұлы бар, Шымкент қ.):

Респондент 4 (ер), 40 жас (12 жастағы қызы бар, Шымкент қ.):

«Маған бір адам айтқан: егер қыз бала 15-ке толса, оны айына бір рет гинекологқа апару қажет. Сонда ол бәрі жақсы екенін біліп жүреді».

Модератор:

«Егер де сіз қызыңызды гинекологқа апарғанда, ол қызыңызда жыныстық қатынастың болғанын растаса, қызыңызға не істейсіз?»

Респондент 4 (ер):

«Не істеймін? Енді ештеңе істей алмайсың. Оның кіммен болғанын білу керек. Әділдік үшін. Жігіті бар ма, кіммен кездесті? Әдетте, бірнеше рет болса, ештеңе дәлелдей алмайсың дейді. Кімнің болғанын дәлелдеу мүмкін емес. Егер сақтанса, дәлелдей алмайсың».

Ата-аналардың өздері де тәрбиелеудегі мәдени-тілдік айырмашылықты байқайды, бірақ оны ұлттықпен түсіндіреді. Қазақ отбасыларынан гөрі орыс отбасыларында еркін тәртіп орнаған деп саналады. Бұл жерде өздері де екі тілді ортада өсіп, балаларын да солай тәрбиелеген қазақ ата-аналарды тек қазақ тілін пайдаланатын ата-аналармен салыстырсақ, олардың тәрбиеге деген көзқарасы арасындағы айырмашылық та айтарлықтай.

Талқылау барысында басқа ата-аналардың тәжірибесін естіп, жыныстық зорлық-зомбылық, ойынқұмарлық, есірткі сияқты балалар мен жастар үшін орын алып

отырған қауіп-қатерлер туралы біліп, жиі ата-аналар белгілі бір тақырыптарға алғаш рет ойланып қалғанын атап өту керек. Тіпті ең консервативті қатысушылар сексуалды және репродуктивті денсаулықты қорғаудағы өз сауаттылығы мен өз балаларының сауаттылығын арттыру қажеттілігін білдірді. Алайда, бұл қажеттілікті түсіну қашан да белсенді әрекет жасауға дайындығын білдірмеді.

«Егер де бәріне тыйым салса, барлық тақырыптарға жауап бермесе, бір жағдай болса, осыдан кейін [бала] ашық сөйлесе алмайды. Қорқып, айтпайды. Ұрсады деп, басын шабады деп ойлайды, олардың қиялдары бай...»

Респондент 5 (әйел, Шымкент қ.):

Дегенмен көптеген ата-аналар жыныстық тұрғыда сауаттылықты арттыру үшін ақылы курстарға қатысуға, тіпті оларға балаларымен бірге баруға, не курстарды қазақ және орыс тілдерінде білікті мамандар кездесу арқылы жүргізсе, балалардың оқуын төлеуге дайын екендіктерін білдірді. Сондай-ақ отбасында анасы қыздарымен, ал әкесі ұлдарымен сөйлесуі тиіс деп ата-аналар өзара келісіп отырды.

2.2 ЕРЕСЕКТЕРДІҢ БАЛАЛАР МЕН ЖАСӨСПІРІМДЕРДІ ҚАБЫЛДАУЫ

Жалпы, ата-аналар өткен ұрпақтармен салыстырғанда, қазіргі жастардың мінез-құлқының «жүгенсіздігі», бірбеткейлігі мен шектен тыс «тәуелсіздігі» туралы пікір айтты. Бұны ата-аналар жұмысбастылығымен байланыстырады, содан балалардың тәрбиесімен айналысып, олармен қарым-қатынас жасауға уақыт болмайды.

Респондент 4 (әйел), 42 жас (Нұр-Сұлтан қ.):

«Жастарда ұят жоқ, 21 ғасырдың жастары келуде. «Өмір біздікі, тағдырымызды өзіміз шешеміз».

Респондент 1(әйел, Нұр-Сұлтан қ.):

«Бұл қалыпты жағдай».

Респондент 4 (әйел, Нұр-Сұлтан қ.):

«Қазіргі балалар ата-анадан қорықпайды».

Бұл ретте «[б]арлық ата-ана балаларына оның жақсы бала болуын қалайтынын айтады»¹⁵, ал жасөспірімдермен фокус-топтан көргеніміздей, балалар осы үмітке сай болуға бар күшін салуға тырысады.

15 Ата-аналармен өткізілген фокус-топ. Атырау қ., 15 маусым 2019 ж.

Ересектер балаларының уайымдары мен тәжірибесін айтарлықтай ілтипатпен қабылдап, жасөспірімдерді тыңдайтын және құрметпен қарайтын толыққанды тұлға ретінде қабылдамайтынын көрсететін репликалар байқалды. Әсіресе, фокус-топтардың бірінде қатысқан педагогтардың осындай қарым-қатынасын бақылау біртүрлі болды.

Респондент 2 (әйел), 43 жас, педагог (Нұр-Сұлтан қ.):

«Мектепте біздің психолог маған келіп, былай деді: «Маған сенің саныбынан қыз келіп, басқа қызға ғашық екенін айтты. Оның оғаш мінезді екенін есінде сақта».

Модератор:

«Сіздің ойыңызша, оның сізге айтқаны дұрыс па?»

Респондент 2:

«Ол дұрыс айтты. Мен енді білемін...»

Модератор:

«А что вы можете сделать?»

Респондент 2:

«Мен анасына айтамын».

Респондент 3 (ер), 36 жас:

«Оның анасына айттыңыз ба?»

Респондент 2:

«Мен оны біраз бақыладым. Ол былай болды: жазда ол бір қызбен достасыпты, ал қыркүйек айында жігіті пайда болды. Психологқа ол барып, айтқан. Ал анасына айтпаған».

Мектептің бұл үлгісі балалармен жұмыс істеуге және оларға қамқорлық жасауға, соның ішінде психологиялық жағынан қамқорлық жасауға міндетті мамандардың да балалардың сенімін және құпиялылықтың этикалық ережелерін бұзуды қалыпты жағдай есептейтінін көрсетеді. Сол топтағы ата-аналардың ешқайсысы бала құқықтары туралы немесе педагог пен мектеп психологының кәсібилігі жөнінде сұраған да жоқ. Балалардың үлкендерге сенбеуі, өз мәселелерімен бөлісуге қорқуы негізсіз емес.

Барлық фокус-топтарда ата-аналар бір жынысты қарым-қатынасты мүлдем қабылдамады. Балаларының ЛГБТК+ адамдарға қатысты сұрақтарына ата-аналар бұл қауымдастықтың өкілдері ауру, оларға жолауға болмайды, қарауға болмайды және олар туралы сұрайға болмайды деп жауап береді.¹⁶ Кейбір ата-аналар баласының бойынан гомосексуалдылықтың белгісін іздеп, оған күдікпен, қорқынышпен қарағанын айтты.

16 Шымкент қ. фокус-топ, 9 мамыр 2019 ж.

2.3 АТА-АНАЛАРДЫҢ ҚЫЗДАР МЕН ҰЛ БАЛАЛАРҒА БАҒЫТТАЛҒАН ІШКІ ТҮРТКІЛЕРІНІҢ АЙЫРМАШЫЛЫҒЫ

Ата-аналар үшін жыныстық сауат ашу дегеніміз бұл бірінші кезекте балаларға жоспарланбаған жүктіліктен және ЖЖБИ жұқтырудан құтылу жолдары туралы ақпарат беру. Ата-аналар көзқарасының консервативтік дәрежесіне байланысты жыныстық сауат ашу тек қана жыныстық белсенділіктен некеге дейін тартынуды насихаттаумен теңестіріледі. Балаларға тек жақсылық тілей отырып, ата-аналар кейде адамдар арасындағы жыныстық қарым-қатынастың табиғатын толық жоққа шығарды. Егер ата-ана өзара қарым-қатынастың негативті үміттері мен салдарларын қаласа, балалардың салауатты қарым-қатынастың не екенін қалай түсіну және болашақта өз отбасыларын қалай құру керектігі жайында мәселе туындайды.

«Ол: «Мен секстің не екенін білмеймін» деп айтты. Менен сұрады. Мен оның ұят нәрсе екенін айттым. Бұл мақтануға тұрарлық нәрсе емес».

Респондент 4 (ер), 40 жас (Шымкент қ.):

«Ұлым 6 сыныпта оқиды. Бір күні мектептен келіп, балалардың қайдан пайда болатыны жайлы сұрақ қойды. Ол мектепте балалардың айтқанын айтты. Біреу балалардың сол жерден шығатынын айтты... Мен оған бұрын кіндіктен шығады деп айтқанмын. Олар дауласып қалды. Ол менен сұрады. Мен күлдім. Мен ол есейгенде, айтамын дедім. Менің ойымша, ол әлі кішкентай, ондайды айтуға ерте».

Респондент 5 (әйел), 44 жас (Шымкент қ.):

«Бұл [секс] жаман нәрсе. Уақыты келгенде, өзің көз жеткізесің».

Респондент 5 (әйел), 44 жас (Шымкент)

Жасөспірімдермен фокус-топтарды талдауда атап өткендей, қыздар мен ұлдар ата-аналардан, мектептен, ортадан және жаппай мәдениет пен БАҚ арқылы бүкіл қоғамнан алатын ішкі түрткілер немесе «месседждер» әйел жынысына қойылатын жауапкершілік көлемінде айтарлықтай ауытқуды көрсетеді.

Фокус-топтарда ата-аналар да, жасөспірімдер де қыздардың байыпты екенін, ал ұлдардың жауапкершілігі аз екенін көрсетті. Сондықтан жоспарланбаған жүктілік, оларға қарсы жасалған жыныстық зорлық-зомбылық және өзге де жағдайлар үшін қыздар ғана жауапты.

Төменде ата-аналардың өз түсінігі бойынша балалардың жыныстық сауатын ашуды қалай іске асыратынына қатысты мысалдар келтірілген.

<p>ҚЫЗДАРҒА БАҒЫТТАЛҒАН ІШКІ ТҮРТКІЛЕР (МЕССЕДЖДЕР)</p>	<p>ҰЛДАРҒА БАҒЫТТАЛҒАН ІШКІ ТҮРТКІЛЕР (МЕССЕДЖДЕР)</p>
<p>«Тыйым саламыз. Туған күндерге шақырады. Біз жібермейміз. Мақалға сәйкес қыз бала үшін тыйымдар бар деген сенімдеміз».</p> <p>«Қазақ «Қызға 40 жерден тыю» деген.</p> <p>«[ә]йел ер адамнан бір саты төмен болу керек. Ерді құрметтеу керек».</p> <p>«Сен есейіп келесің, ұлдарға жақындаушы болма, өйткені өзінді күту керексің».</p> <p>«[ж]алпы қыз бала күйеуге пәк күйінде шығуға тиіс».</p> <p>«Қыздарға география, алгебраны оқытудың қажеті жоқ. Ана болуға, баланы қалай дұрыс құндақтау керектігіне, күйеуді қалай әдемі қарсы алуға, оны аймалауға жеке түрде үйрету қажет».</p> <p>«Қыздың аяғы ауыр болып қалды. Жауапкершілік тек оның мойнында».</p> <p>«Қыздарды ұстау керек...»</p> <p>«Ондай жағдайларға ұрынбау керек... Тек жалғыз жаман жігіт кінәлі болуы мүмкін емес. Қыз барып, сондай жағдайды жасады, содан болды, енді барып жылайды... адам сондай жағдайға түссе, өзі кінәлі. Соның бәріне өздері себепші».</p> <p>«Кім ашық-шашық жүрсе, соны зорлайды. Хиджабпен жүргендерді зорламайды».</p> <p>«Қыз бала 30 жасқа дейін отбасылы болуы тиіс».</p>	<p>«Үлкен ұлымның өз телефоны бар. Ол студент. Біз оған тыйым сала алмаймыз».</p> <p>«Балам, қалтаңа бірнеше мүшеқап салып ал, кез келген сәтте өзінді ұстай алмай қаласың».</p> <p>«Қыздарға баратын болсаң, мүшеқапты салып ал».</p> <p>«Байқап жүр».</p>

Кестеден қыз балаларға қойылатын талаптарға қатысты айқын ауытқулардың бар екені көрініп тұр. Қыздардың сыртқы келбетіне салынатын көптеген тыйымдарды, шектеулерді ата-аналар қыздарды қорғау ниетімен және «дәстүрлермен» түсіндіреді. Бұл рөлдерді сақтап қалу ниеті соншалық, баланың қауіпсіздігі мен «нағыз қыз» туралы түсінікке сәйкестігі арасында әкесі екіншіні таңдауы мүмкін.

«Қыз бала болғандықтан, қолма-қол ұрыс ол үшін емес. Кейбіреулер күреске беріп жатады. Ол не керек? Мен қыз баланы күреске, не боксқа беруді дұрыс деп санамаймын. Не биге, не гимнастикаға беру керек. Газ-баллончикті байқап көрсін».

Респондент 4 (ер), 40 жас (12 жастағы қызы бар, Шымкент қ.):

2.4 ФОКУС-ТОПТАР БОЙЫНША ҚОРЫТЫНДЫЛАР

Жыныстық сауат ашуға қатысты аналары қыздарымен, ал әкелері ұлдарымен сөйлесу керек деген аргумент әбден орынды. Алайда, түрлі отбасылар кездеседі, бәрінде ата-ананың екеуі де, не біреуі де бола бермейді. Сондай-ақ талқылаулар тіпті толық отбасында да әйелдерден гөрі ерлер балалармен ашық сөйлесуден жиі қашатынын көрсетті. Бұл ұл балаларды неғұрлым осал жағдайға қояды, өйткені олардың ақпарат алу мүмкіндіктерін тарылтады.

Сонымен қатар, отбасылық қарым-қатынаста мәдени-тілдік фактор да маңызды рөл атқарады. Ұлттық қоғамдық денсаулық сақтау орталығының Қоғамдық денсаулықты нығайту орталығы басшысының орынбасары, Y-PEER Kazakhstan желісінің жаттықтырушысы ретінде 12-жылдық тәжірибесі бар репродуктивті денсаулық мәселелері бойынша сертификатталған жаттықтырушы Камила Тұяқбаеваның қазақ тілді отбасыларына қатысты айтқаны: «Ондағы балалар әкелерінен қорқады, олардың көзіне түспеуге тырысады. Онда секс жайында сұрамақ түгілі, жай сөйлесуге де мүмкіндік болмайды».¹⁷

Бүгінгі күні өте күрделі тақырып жыныстық бағдар болып табылады. Тек еркек пен әйел арасындағы қарым-қатынас қолайлы деп саналатын гетеронормативтік көзқарастар басым қазақстандық қоғамда ата-аналарда дәстүрлік «нормадан» өзгеше гомосексуалды немесе басқа да сексуалды бағдарды қабылдамауы байқалады. Кез келген отбасында гетеросексуал емес бала болуы мүмкін екеніне назар аударуымыз қажет, қоғам мен отбасының барлық негативін ол өз есебіне жатқызатын болады. Ата-аналар тарапынан қорқыныштар мен тыйымдар болған күннің өзінде адам өз

¹⁷ Автордың К. Тұяқбаевамен сұхбаты, Нұр-Сұлтан қ., 15 қазан 2019 ж.

табиғатын өзгерте алмайды. «Қалыпты» көпшіліктен ерекшеленетін жасөспірім қатаң айыптау пен қабылдамаудың жағдайында барлық адамдардан жабылып, екі-жақты өмір кешуге мәжбүр болады. Бұл жасөспірімнің психологиялық күйіне теріс әсерін тигізіп, суицидке дейін қайғылы салдарларға әкелуі мүмкін.

Стереотиптерге қарамастан, жыныстық сауат ашу бір жынысты немесе басқа да «дәстүрлі емес» қатынастарды ешқандай түрде насихаттамайды, бірақ айналасындағылардан бірдеңемен ерекшеленетін балалар мен жасөспірімдер өздерін жалғыздық пен тығырықта қалғандай сезінбеуі үшін эмпатия деңгейін арттыруға ұмтылады.

Балаларды жыныстық белгісі бойынша тәрбиелеудегі айырмашылықтарға келетін болсақ, атап айтқанда, ата-аналардың қыздарының мінез-құлқын бақылауға ерекше назар аудару бейімділігі, онда қызға ер адамның/ұлдың қатысуынсыз немесе жасанды ұрықтандыру бойынша технологияларды қолданбай, жүкті болу мүмкін еместігін есте сақтаған жөн. Ал, балалар мен әйелдерді зорлау жағдайларының басым көпшілігін ер адамдар жасайды. Онда неліктен ең көп жауапкершілік қыздар мен әйелдердің мойнында? Мұндай ойлау кем дегенде логикаға сай емес, бірақ ол қоғамдық дискурста кеңінен ұсынылған. Гендерлік ағарту жастар үшін өте маңызды, себебі гендерлік әлеуметтендіру мәселелері «репродуктивті денсаулықпен өте тығыз байланыста, өйткені гендерге қатысты мәселелерді білмеуден туындайтын теңсіздік зорлық-зомбылыққа әкеледі. Салдары – репродуктивті денсаулықтың бұзылуы».¹⁸

Қыздар мен әйелдерге қатысты зорлық-зомбылық проблемасы халықтың әйел бөлігіне жоғары бақылау жасаумен шешілуі мүмкін емес. Кез келген адамға қатысты зорлық-зомбылықты қолдануға болмайтындығы жайында ер адамдармен, ұлдармен жұмыс жүргізу керек. Жас буындарда гендерлік теңдік және кемсітпеушілік құндылықтарын дамыту қажет. Бұл жыныстық сауат ашу міндеттерінің бірі – эмпатияны арттыру, ерлер мен әйелдердің физиологиялық мүмкіндіктерінде айырмашылығы болса да, құқықтары мен зияткерлік қабілеттерінде тең деген түсінікті дарыту

18 Ibid. К.Тұяқбаевамен сұхбат.

3. ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ЖАСТАРДЫҢ ЖЫНЫСТЫҚ САУАТЫН АШУДЫҢ МҮМКІНШІЛІГІ

3.1 ҰЯТ ЖӘНЕ ҒҰРЫПТЫЛЫҚ: МӘДЕНИ МӘНМӘТІНДІ ЕСКЕРУ НЕЛІКТЕН МАҢЫЗДЫ?

Жиі қоғамның модернизацияға, ілгерішіл өзгерістерге қарсылық көрсетуі осы қоғамның белгілі бір менталитетінің болуымен ақталады. Қазақстанда сексуалды және репродуктивті денсаулық тақырыбына тыйым салу және жастардың жыныстық сауатын ашуға қатысты бастамаларға қарсылық таныту сол қазақтың менталитетімен түсіндіріледі: «Бізде осылай қабылданбаған» деген түсінік бар. Демография және халықты қоныстандыру мәселелері жөніндегі сарапшы Аида Әлжанова қоғамда қабылданған және қабылданбаған ережелерді өзгертуге болады деп санайды: «Менталитет жоқ, тек қандай да бір әдеттердің жинағы бар... [F]алымдар әдетті өзгертуге болмайды деген қорытындыға келді, алайда оны жаңасымен ауыстыра аламыз. Ол үшін жаңа нейрондық байланыс қалыптастыру керек. Сондықтан бір нәрсені шексіз қайталай беру маңызды».¹⁹ Демек, қоғамның жастардың жыныстық сауатын ашу идеясын қабылдамау деңгейін төмендету үшін бұл тақырыпты жиі көтеру керек, яғни жас ұрпақтарда салауатты, зорлық-зомбылықсыз қарым-қатынас құру, сексуалды және репродуктивті денсаулыққа қамқорлық жасау дағдыларын қалыптастыру қажеттілігі туралы дискурсты қалыпқа келтіру керек.

Қоғамдық нормалардың өзгеруі — зор уақыт пен энергия шығындарын талап ететін күрделі процесс. Жасөспірімдермен және ата-аналармен өткізілген фокус-топтар көрсеткендей, өңірге және басым қарым-қатынас тіліне байланысты жыныстық сауат ашуды қабылдау мен оны талқылауға дайындықта айтарлықтай айырмашылық байқалады. Ата-аналар мен жасөспірімдердің бұл тақырыпқа ашықтығы жыныстық сауат ашу және оның одан әрі тиімділігі бойынша саясатты қалыптастыру бойынша үлкен маңызға ие. Тарихшы және зерттеуші Жасұлан Нұрбаев бұл айырмашылықты растайды және осы тарихи-мәдени фактордың маңыздылығын атап көрсетеді: «Егер біз солтүстік-шығыстан оңтүстік-батысқа қарай жүрсек, онда тарихи-мәдени негіздердің ауысу ара салмағы әр түрлі болады. Қай мағынада? Бұл жерде [ҚР оңтүстік және батыс аймақтары] ғұрыптылық көбірек сақталған».²⁰

Осы логикаға сүйене отырып, Ж. Нұрбаев консервативтік қоғамның дәстүрлі әлеуметтік нормаларды бұзатын өзгерістерге қарсылығын өзгерістердің осы қоғамның өмір сүру салты мен мәніне қауіп-қатер ретінде қабылдануымен түсіндіреді. Мұндай бұзушылықтармен күресте ұят көмектеседі: «Бұл — көптеген адамдардың ойынша, этнос, өмір сүре алмайтын іргетас болып табылатын дәстүрді сақтап қалу үшін ұлттық кодтың жауап түріндегі реакциясы. Тиісінше, ұят сондай адамдар үшін

19 Автордың А. Альжановамен сұхбаты, Алматы қ., 21 сәуір 2019 ж.

20 Автордың Ж. Нұрбаевпен сұхбаты, Нұр-Сұлтан қ., 9 қыркүйек 2019 ж.

қажетті сүзгінің орнында. Бірақ, тиісінше, бұл қоғамды жаңғыртуға кедергі келтіреді және жаңа ұрпақ пен ескі буын арасындағы мүдделер қақтығысына, даулы жағдайларға әкеледі».²¹

Жыныстық сауат ашу қазақ дәстүрлеріне қауіп ретінде қабылданбауы үшін білім беру бағдарламасын әзірлеу кезінде жергілікті қоғамдық дискурс пен тілге көп көңіл бөлу керек. «[Қ]азақ тілді қоғам консервативті келеді, көптеген зерттеулер осы тезисті дәлелдейді»,²² сондықтан қазақ тілінде оқытатын мектептер үшін материалдарды жай ғана аударып қана қоймай, ғылыми көзқарасты басшылыққа ала отырып, мәдени нюанстарды барынша ескеруге тырысып, бастапқыда қазақ тілінде бағдарламаны әзірлеу керектігін атап айтамыз.

Білім беру саласындағы сарапшы Әйгерім Көпеева Қазақстанның білім беру саясатына дараландырылған көзқарастың қажеттілігін көреді. Атап айтқанда, білім алушылардың функционалдық сауаттылығын арттыру үшін білім беру жүйесі өңірлердің жеке факторларын ескеруі тиіс: «Егер жалпы айтатын болсақ, елдің батысы мен оңтүстігінде тұратын адамдар, ал нақты — бұл Атырау және Маңғыстау облыстары, Алматы және Түркістан облыстары халықаралық тестілеулердегі барлық көрсеткіштер бойынша және оған қоса қазақстандық барлық зерттеулер, бағалаулар мен өлшеулерде артта қалуда деген факт бар».²³ Осы облыстардың жалпы факторлары қоғамның дәстүрлілігі мен қазақ тілінің негізгі тіл ретінде басым болуы екенін атай отырып, А. Көпеева оқушылардың функционалдық сауаттылығының төмендігін олардың этникалық тиістілігімен байланыстырмайды: «Бізде біртума данышпандар бар, бізде өңірлерде НЗМ мектептері бар, ондағы балалар таңғажайып нәтижелер көрсетіп, қатарынан он ЖОО-на түседі. Бұл ұлттық ерекшелікке ұқсамайды».²⁴ Сарапшы осы феноменді зерттеу қажеттігін атап өтті.

Қазақстанның орыс тілді тұрғындары да аз дәрежеде консервативтілік пен дәстүрлікті көрсетеді. Сондықтан жастардың жыныстық сауатын ашу тақырыбын алға жылжытудағы жалпы ұсыныс — мысалы, «ананың, баланың, ер адамның, ұл баланың денсаулығы» сияқты даусыз жалпыадамзаттық құндылықтарға жүгінуден бастау.²⁵

Әрине, қазақстандағы консервативті көзқарастар мектептік білім беру мамандарына да әсер етеді, өйткені олар — қазақстандық қоғамның бір бөлігі. Алайда, педагогтардың жыныстық сауат ашу тақырыбын қабылдамауы Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім беру академиясының (Академия) және БҰҰ-ның Тұрғын халықтың қоныстануы саласындағы қорының (ЮНФПА) «репродуктивті денсаулық компонентін

21 Ibid.

22 Ibid.

23 Автордың А. Көпеевамен сұхбаты, Нұр-Сұлтан қ., 6 желтоқсан 2019 ж.

24 Ibid.

25 Автордың С. А. Каликовамен сұхбаты, Алматы қ., 19 қыркүйек 2019 ж.

білім беру жүйесіне»²⁶ интеграциялау бойынша бірлескен бастамасының табыстылығына қауіп төндіріп отыр. 2019 жылдың жазында Академия Қазақстанның түрлі облыстарынан келген педагогтар мен мектеп басшыларының біраз санын жинап, ал ЮНФПА оларға тренинг өткізді. Ары қарай мұғалімдер өз мектептерінде жыныстық сауат ашуды жүзеге асырады деп күтілуде. Академия ЮНФПА әзірлеген ресурстық материалдармен қамтамасыз ете отырып, мектептерге жыныстық сауат ашу әдіснамасын әзірлеу мен іске қосуда еркіндік беру туралы шешім қабылдады. Мектептер өз контекстін жақсырақ түсініп, әдіснаманы әзірлеуде білікті болғандықтан, «оларға дайын рецепттермен келу»²⁷ орынсыз деп саналды. Академия мұғалімдердің жұмыс тәжіриесін алып, солардың негізінде репродуктивті денсаулық бойынша оқытуды мектептерге енгізуді жоспарлап отыр.

Мұндай көзқарас Англияның мектептерінде жыныстық сауат ашуды енгізу жолымен ұштасады. Ұлыбританияның білім министрлігі Англияның барлық мектептеріне оқу жоспарын әзірлеу кезінде әр мектептің мәдениетін, діни ерекшеліктерін және өзге де жеке қажеттіліктерін ескере отырып, олар дұрыс деп есептейтін жыныстық сауат ашуды енгізуге мүмкіндік бере отырып, мәселеге икемді келеді. Алайда, оқыту үш жыл ішінде әзірленген және 2000 жылғы мектеп денсаулық бағдарламасын (Health Education Curriculum) мұқият қайта өңдеу мен басты стейкхолдерлердің — мұғалімдердің, оқушылар мен ата-аналардың қажеттіліктерін зерттеудің нәтижесі болып табылатын Нормативтік басшылықтың базалық талаптарына сәйкес келуі тиіс. Білім министрлігі мектептерге дайындыққа бір жыл берді, 2020 жылдың қыркүйек айынан бастап барлық мектептер жыныстық сауат ашу сияқты пәнді енгізуге міндетті.²⁸

Екі елдің тәсілдерінің арасындағы айырмашылық ағылшын мектептеріне қарағанда қазақстандық мектептерде жыныстық сауат ашуды іске асыру, қолдайтын ортаны құру немесе орындау мерзімдерін сақтау үшін ерекше уәждеменің жоқтығында. Англияда жүйелі түрде конференциялар мен форумдар өткізіледі, онда зерттеу институттары, мектеп педагогтары, үкіметтік емес ұйымдар мен білім беру саласындағы шенеуніктер жыныстық сауат ашу теориясы мен тәжірибесін, оны түрлі мәдени контекстерде жүзеге асыру жолдарын талқылайды, ал мектептер әдістемелік материалдармен молынан қамтамасыз етіледі.

Қазақстанда ондай белсенділік жоқ, сондықтан үкіметтен нақты қолдау шараларынсыз мектеп тарапынан бастамаларды күтпеге болады. ЮНФПА-ның атқарушы өкілі Райымбек Сисемалиев Ұлттық білім беру академиясымен бірлескен бастаманың табысты болуына үміттенсе де, біраз күмәні бар, себебі Академия педагогтарды осы күрделі іспен нақты жұмыс істеуге үйретпейді: «Олар [тренингтегі педагогтар] жыныс мүшесі немесе басқа да жыныс мүшелері туралы айтқанда, өздерін ыңғайсыз сезінеді. Мұғалім бұл туралы байыппен, дұрыстап айтуға дайын болуы керек».²⁹

26 «Репродуктивті денсаулық компонентін білім беру жүйесіне интеграциялау» семинар-тренингі. // nao.kz, 26 шілде 2019 ж. // <https://nao.kz/blogs/view/2/1124>.

27 Автордың ЮНФПА атқарушы өкілі Райымбек Сисемалиевпен сұхбаты, Нұр-Сұлтан қ., 30 шілде 2019 ж.

28 Автордың Джемма Аллманмен сұхбаты — Ұлыбритания Білім министрлігінің білім беру саясаты бойынша аға кеңесшісі, Лондон қ., 12 қараша 2019 ж.

29 Автордың Р. Сисемалиевпен сұхбаты, Нұр-Сұлтан қ., 30 шілде 2019 ж.

3.2 ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ЖАСӨСПІРІМДЕР МЕН АТА-АНАЛАРДЫҢ КӨЗІМЕН ЖЫНЫСТЫҚ САУАТ АШУ ҚАНДАЙ БОЛУЫ КЕРЕК

Жасөспірімдердің отбасында, достарынан, мектепте, интернет-дереккөздерден және поп-мәдениеттен есею процестерін танып-білу тәжірибесі туралы әңгімелерінен жыныстық сауат ашуға сұраныс бар деген қорытынды жасауға болады. Сексуалды және репродуктивті денсаулық жайында тек жоғары сыныптардан бастап түсіндіруге болады деген танымал пікірге қарамастан, көбінесе жасөспірімдер ақпаратты ерте жаста, 12-13 жастан бастап алуға ниет білдірді. Бұл ретте олар ештеңе түсінбеуі мүмкін екенін мойындайды, бірақ бұл ары қарай оқу кезінде қымсынбас үшін осы тақырыппен жұмыс істеу әдетін қалыптастырады. Көптеген балалар достары, ауладағы балалар немесе үлкен туыстары олар 6-, 7-, 8-жаста болғанда порнографияны көрсеткенін еске алды.

Оқыту түрі туралы түрлі пікірлер айтылды: өзін-өзі тану немесе жаратылыстану сияқты «қажетсіз» сабақтардың орнына жеке пән ретінде немесе биология құрамына жыныстық сауат ашуды енгізуге болады. Жыныстық сауат ашу жөніндегі оқулық құпталмайды, жасөспірімдер тікелей қарым-қатынасты және қысқа бейне жазбаларды ұнатады.

МЕКТЕПТЕГІ ЖЫНЫСТЫҚ САУАТ АШУ МЫНАДАЙ ТАҚЫРЫПТАРДЫ ҚАМТУЫ ТИІС:

- жыныстық жетілу және гигиена;
- жыныстық қатынас, жүктілік пен аурулардан сақтану;
- интернеттегі алымсақтықтан және жыныстық зорлық-зомбылықтан қорғану;
- психологиялық денсаулық.

ЖЫНЫСТЫҚ САУАТ АШУ ОҚЫТУШЫСЫНА ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР:

- осы білім саласындағы біліктілігі;
- балаларға деген құрмет және балалардың жауапты құрметі мен сенімі;
- ашықтық, талқылау кезінде ұялмауы;
- жақсы шешендік дағдылар;
- балаларға деген мүдделілігі мен уәжділігінің шамадан тыс болмауы.

Ең консервативті фокус-топ (Атырау қ.) жасөспірімдерінің сексуалды және репродуктивті денсаулық, жыныстық жетілу және қарым-қатынас туралы қазақ тілінде ақпарат алғысы келмейтіні қызық. Олардың мәдени-тілдік кедергілері соншалықты күшті, олар үшін мұндай ақпаратты ана тілінде тұтыну тым «ұят». Оны орыс тілінде оқып-білуді қалайды.

Сондай-ақ жасөспірімдер медициналық қызметтерге өз бетінше жүгіну 16 жастан бастап қолжетімді болуы тиіс деп атап өтті, себебі бұл жаста адам айтарлықтай тәуелсіз болады. Ата-анасының еріп жүруімен қызметтерге жүгінуді талап ету тым көп қатер төндіреді, бұл олардың көмек сұрамауы үшін себеп болуы мүмкін.

«Өзің барғаның дұрыс. Біреуге сені алаңдататын жағдайды айтсаң, оған оның қалай қарайтынын білмейсің, теріс ойларға берілесің: «Олар мені мазақ қылады, олар мені жазалайды, енді мені ешқайда шығармайды, барлық туыстар маған ат тағып, тіл тигізеді». Меніңше, өзіңнің барғаның жөн».

Респондент 4 (әйел), 16 жас (Нұр-Сұлтан қ.):

Ата-аналар мектеп білімін білім сапасын емес, оқушылар мен мұғалімдерге жүктемені арттырған көптеген реформалардың нәтижесінде тиімсіз деп санайды. Олар мектеп бағдарламасына жыныстық сауат ашуды сынып сағаты түріндегі жеке пән ретінде, биология құрамында немесе өз ісінің маманы және балалардың сауатын ашуда шын мүдделі болу шартымен мектеп психологының сабақтары түрінде енгізуді құптайды.

Материал меңгерілуі үшін оқыту жүйелі және көп кезеңді болуға тиіс, яғни материалдар балалардың есею кезеңдеріне сәйкес болуы қажет. Мысалы, жыныстық жетілу жайында балаларға шамамен 11 жастан бастап, ал жыныстық қарым-қатынас пен сексуалды және репродуктивті денсаулық туралы 15 жастан айтылу керек. Ата-аналардың жиі айтатын тілегі — ерте жастағы жыныстық белсенділіктен тартынуға және оның қауіп-қатерлеріне ерекше көңіл аудару. Жасөспірімдер мен ата-аналардың мектеп аясында сапалы жыныстық сауат ашу туралы түсініктері көбінесе ұштасады. (өрнекілік үшін салыстырмалы кестені келтіреміз.

ЖЫНЫСТЫҚ САУАТ АШУДЫҢ АСПЕКТИЛЕРІ	АТА-АНАЛАРДЫҢ ТІЛЕГІ	ЖАСӨСПІРІМДЕРДІҢ ТІЛЕГІ
Қандай түрде	<ul style="list-style-type: none"> - жеке пән ретінде - биология аясында - сынып сағаттарында 	<ul style="list-style-type: none"> - маңызы аз пәндердің - орнына жеке пән ретінде - биология аясында
Қай жастан бастап	<p>11 жастан — жыныстық жетілу</p> <p>15 жастан — сексуалды-репродуктивті денсаулық</p>	12 жастан бастап

<p>Қандай тақырыптарды қамтиды</p>	<ul style="list-style-type: none"> - жыныстық жетілу - салауатты қарым-қатынас - СРД - контрацепция және ЖЖ БИ-дан қорғану - жыныстық зорлық-зомбылық - порнографияның зияны - суицид - ойынқұмарлық - есірткітәуелділік 	<ul style="list-style-type: none"> - жыныстық жетілу - жыныстық қарым-қатынас - СРД - контрацепция және ЖЖ БИ-дан қорғану - жыныстық зорлық-зомбылық, алымсақтық - психологиялық денсаулық - шарап ішудің зияны
<p>Оқытушы</p>	<ul style="list-style-type: none"> - біліктілік - балаларға деген ықыласы, қолдау көрсету - уәжділік - жас болуы - түсінікті тілмен айтып жеткізу, ақпаратты қызықты ұсыну 	<ul style="list-style-type: none"> - біліктілік - балаларға деген құрметі және балалардың жауапты құрметі мен сенімі - ашықтық, талқылауда ұялмау - жақсы шешендік дағдылар - балаларға деген мүдделілігі мен уәжділігінің шамадан тыс болмауы
<p>Қыздар мен ұлдарды бірге немесе бөлек оқыту</p>	<p>Қандай да бір тақырыптарды бірге, басқаларын бөлек өткізу.</p>	<p>Қандай да бір тақырыптарды бірге, басқаларын бөлек өткізу, бірақ бәрі бірдей материал алуы керек (мысалы, қыздар ұлдардың жыныстық жетілуі, ал ұлдар қыздардың жыныстық жетілуі туралы).</p>
<p>Оқыту әдістері</p>	<p>Көрнекі материалдарды көрсету арқылы материалдарды ауызша, тікелей ұсыну (мүшеқаптарды пайдалану)</p>	<p>Қысқа бейне жазбаларды көрсетумен бірге материалды ауызша, тікелей қарым-қатынаста ұсыну</p>

Кесте 3. Ата-аналар мен жасөспірімдердің жыныстық сауат ашуға қатысты тілектері.

3.3 ҚАЗАҚСТАН МЕКТЕПТЕРІНДЕ ЖЫНЫСТЫҚ САУАТ АШУДЫҢ ҰСЫНБАЛЫ ҮЛГІСІ

Бұл зерттеуде біз мәдени, экономикалық, саяси және әлеуметтік контексті ескере отырып, мектептегі білім арқылы Қазақстан жастарының жыныстық сауатын ашу мәселесіне қандай көзқараспен қарау керектігін түсінуге тырыстық. Фокус-топтардың, сараптамалық сұхбаттардың деректерін, жергілікті және халықаралық тәжірибені талдай келе, біз Қазақстандағы мектепте жыныстық сауат ашу туралы өз көзқарасымызды қалыптастырдық. 2, 3, 4 қосымшаларда төрт тақырыптық блок бойынша бөле отырып, мектептегі оқу уақытында жыныстық сауат ашу ұсынуға тиісті білім мен дағдылардың болжамды көлемі ұсынылады:

I САЛАУАТТЫ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАС

II ДЕНЕДЕГІ ӨЗГЕРІСТЕР

III СЕКСУАЛДЫ ЖӘНЕ РЕПРОДУКТИВТІ ДЕНСАУЛЫҚ

IV ЖАУАПТЫ АТА-АНА

Сауалнамаға қатысқан қазақстандық сарапшылар түрлі идеялар айтты, бірақ қазіргі таңда жыныстық сауат ашуды жеке пән ретінде енгізу орынсыз деген пікірлері бір жерден шықты. Осыған себеп — қаржы және адам ресурстарының тапшылығынан бастап кестеде жаңа пәндерге орын қалдырмайтын оқушылардың шамадан тыс жүктемесінде. Ең ықтимал жол — жыныстық сауат ашу элементтерін қосу үшін ағымдағы мектеп бағдарламасын бейімдеу.

Осылайша, біз білімнің тақырыптық блоктарын қазіргі релеванттық мектеп пәндеріне кіріктіруді, яғни оларды осы пәндердің типтік жоспарларына қосуды ұсынамыз. Мысалы, жыныстық жетілу, адамның репродуктивті жүйесі, жүктілік, ЖЖБИ тақырыптарын ашатын «Денедегі өзгерістер» және «Сексуалды және репродуктивті денсаулық» блоктары биология мен адамның анатомиясымен байланысты. Сондықтан бұл тақырыптық блоктарды «Биология» және «Валеология» пәндеріне енгізу қисынды.

Адамның репродуктивті жүйесі жоғары сыныптардың мектеп бағдарламасына енетіні белгілі, алайда оқытушылар бұл тақырыпты жиі қалдырып кетеді немесе өз бетінше оқуға береді. Бұл тағы да сексуалды және репродуктивті денсаулық тақырыбын талқылауға тыйым салынумен байланысты, бірақ адам үшін оның денесінен басқа табиғи не бар?

Модератор:

«Мектепте жыныстық сауат ашу жайында білім қалай беріледі?»

Респондент 3 (әйел), 16 жас (Атырау қ.):

«Бұл тақырыпқа ешкім сөйлескісі келмейді».

Респондент 1 (ер), 16 жас (Атырау қ.):

«Бұл үшін арнайы бір тоқсан бар, бірақ ешкім бұл тақырыпқа әңгімелеспейді».

Респондент 4 (ер), 16 жас (Атырау қ.):

«Мұғалім тіптен қатыспайды».

Модератор:

«Қай пәнде бұл туралы айтылады?»

Респондент 1 (ер), 16 жас (Атырау қ.):

«Мысалы, биология. Үшінші тоқсан сол тақырыпқа қатысты болды, бірақ ешкім ол туралы сөз қозғамады».

Тиісінше, эмоциялық және психикалық денсаулық, бала құқықтары, гендерлік теңдік, отбасылық өмірге дайындық және т.б. сұрақтарды қамтитын «Салауатты қарым-қатынас» және «Жауапты ата-ана» блоктарын «Адам және құқық», «Қоғамтану», «Құқықтану», «Өмір сүру қауіпсіздігінің негіздері», «Өзін-өзі тану» сияқты пәндердің бір бөлігі ретінде жасауға болады. Сонымен қатар кейбір тақырыптарға сынып сағаттарын, мектеп психологымен әңгімелесуді бастау керек; мектептерді жыныстық сауат ашу, отбасылық өмірге дайындық және т.б. курстарын ұсына алатын қосымша білімге ашық ету қажет.

Сексуалды және репродуктивті денсаулық тақырыбын талқылауға тыйым салу мәселесі мұғалімдердің бюрократиялық міндеттермен шамадан тыс жүктелуімен, жыныстық сауат ашу бойынша әдіснамалық дайындықтың жоқтығымен, олай болса, мұғалімдер мен басқа қызметкерлердің өзіне қосымша жүктеме алуға қызығушылығының төмендігімен күрделене түседі. Бұл факторлар бірге мектеп оқытушылары мен әкімшіліктері тарапынан қарсылық тудыруы мүмкін. Сондықтан білім беру саласында жыныстық сауат ашу пәнін дамыту үшін қолайлы жағдай жасау қажет.

Ең дұрысы және көптеген жасөспірімдер мен ата-аналардың тілектеріне сәйкес, жыныстық сауат ашуды оқытудың ең жақсы нұсқасы — бұл арнайы дайындықтан өткен шеттен келген адам. Алайда, қазіргі жағдайда жұмыс істеп отырған мұғалімдер мен болашақ педагогтарды дайындаған жөн сияқты. ІААН 2018 21-ші Еуропалық аймақтық конференциясының және «Барлық жасөспірімдер үшін салауатты дамудағы тең мүмкіндіктер» атты Жасөспірімдер денсаулығы бойынша III ұлттық конференциясының Ғылыми комитеті төрағасы, профессор Пьерра-Андре Мишоның пікірі бойынша, жыныстық сауат ашу бойынша оқытушының ең басты қасиеті — осы тұрғыда оқытушылар-

дың сауатын ашуға деген ниеті мен уәжділігі.³⁰ Жасөспірімдермен көп жылдық жұмыс тәжірибесі бар жаттықтырушы ретінде К. Тұяқбаева оқытушы «ересек болуы мүмкін, жайдары адам болмауы да мүмкін, бірақ ол бала ашылып, кез келген сұрақ қоя алатын, оны мазақ қылмай, жауап беретіндігін, көмек көрсететінін білетін қауіпсіздік атмосферасын құруға тиіс» екеніне сенімді.³¹

Жиі мұғалімдер, сынып жетекшілері мен мектеп әкімшілігінің өкілдері жыныстық сауат ашу қажеттілігін түсініп, өз бастамасымен осы бағытта, соның ішінде балаларға қарсы жыныстық зорлық-зомбылыққа қарсы күрес бойынша жұмыс жүргізеді.³² Яғни, мотивация бар, бірақ мұндай немқұрайлы қарамайтын адамдарға қолдау мен ресурс қажет. Бұған келесі жолдармен қол жеткізуге болады:

- Біліктілікті арттыру курстары арқылы жұмыс істейтін мұғалімдерді оқыту (мұғалім пәнінің жыныстық сауат ашудың релеванттық тақырыптық блогымен ара қатынасын белгілей отырып);
- Жыныстық сауат ашу саласында өз білімдерін арттыру және оларды балалармен жұмыс жасауда қолдану үшін қалайтын кез келген пән мұғалімдері мен психологтар, медициналық қызметкерлер сияқты мектеп қызметкерлеріне арналған онлайн курстар әзірлеу және бейне сабақтар жасау (материалдарды қағаз және сандық тасығыштарда — дискілерде, флеш-карталарда, интернет арқылы тарату);
- Мұғалімдер мен сынып жетекшілері оқушылармен жеке әңгімелесу, сынып сағаттары, ата-аналар жиналыстарын өткізу үшін пайдалануға әдістемелік материалдар, құралдар, дайын сабақтар әзірлеу (материалдарды қағаз және сандық тасығыштарда — дискілерде, флеш-карталарда, интернет арқылы тарату).


Балалармен жыныстық жетілу, сексуалды және репродуктивті денсаулық, қауіпсіз мінез-құлық және т.б. конструктивті талқылауға қабілетті және ниет білдірген мектеп мұғалімдерінің жаңа буынын өсіру үшін ұзақ мерзімді келешекте жыныстық сауат ашу негіздерін оқытуды ЖОО-ның барлық пәндерінің педагогтарын даярлау бағдарламасына енгізу ұсынылды. Жыныстық сауат ашу психология мен оқыту әдістемесі сияқты педагогикалық дайындықтың ажырамас бөлігі болуы тиіс. Қазақстандық жоғары оқу орындары осы бағытта дамуды бастау үшін жеткілікті академиялық еркіндікке ие.

Бұл өзгерістерді іске қосу білім беру саясатында шешім қабылдайтын тұлғалар тарапынан жоғары мотивация мен стратегиялық көзқарасты ғана емес, сонымен қатар басқа ведомстволармен тығыз қарым-қатынасты және мемлекеттік және үкіметтік емес ұйымдардың, яғни азаматтық сектордың белсенді тартылуын талап етеді. Мектептегі жыныстық сауат ашуды (ЖСА) жүзеге асыру жөніндегі ұсыныстарды схемалық түрде келесідей жинақтауға болады (сурет 1).

30 Кишинев қ. автор қатысқан конференция, Молдова, 3–5 қазан 2018 ж.

31 Автордың К. Тұяқбаевамен сұхбаты, Нұр-Сұлтан қ., 15 қазан 2019 ж.

32 Мостовая Екатерина. «Алматы облысының ауыл мұғалімі оқушы қыз балаға қатысты жасалған зорлық-зомбылықты біліп, үнсіз қалмады.» Newtimes, December 5, 2019. // <https://newtimes.kz/obshchestvo/101591-selskaya-uchitelnitsa-iz-almatinskoy-oblasti-uznala-o-nasilii-nad-shkolnitsej-i-ne-stala-molchat>.



Сурет 1. Қазақстандағы мектепте жыныстық сауат ашуды жүзеге асыру жолдары.

ҰСЫНЫМДАР

Жүргізілген жұмыстың қорытындысы бойынша және 2018 жылғы зерттеуде айтылған ұсыныстарға қосымша ретінде³³ Қазақстан жастарының әл-ауқаты мен білім беру саясатына жауапты ведомстволарға, сондай-ақ мүдделі институттарға келесі ұсынымдар ұсынылады:

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ПАРЛАМЕНТІНЕ

- 1** Жастардың сексуалды және репродуктивті денсаулықты (СРД) қорғау саласындағы ақпаратқа қолжетімділікке заңнама түрінде кепіл болу. ЮНЕСКО мен ДДСҰ ұсынған СРД мәселелері бойынша жастарды оқыту және ақпараттандыру стандарттарын орта білім берудің міндетті бағдарламасына енгізу қажет.
- 2** Өз бетінше жүгіну және медициналық қызметтерге ерікті ақпараттандырылған келісім алу құқығының жасын қазіргі 18 жастан 16 жасқа дейін төмендете отырып, жасөспірімдер мен жастардың репродуктивті денсаулығын және репродуктивті құқықтарын қорғау мәселелері бойынша қолданыстағы заңнамаға өзгертулер мен толықтырулар енгізу.
- 3** Халықтың осал топтарын, оның ішінде жасөспірімдерді контрацептивтермен қамтамасыз ету жөніндегі міндеттемелерді мемлекеттің қабылдауын көздейтін «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Кодекске өзгертулер енгізу. Сондай-ақ тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлеміне контрацепцияның кейбір құралдарын енгізу қажет.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІНЕ

- 1** Жасөспірімдер мен жастардың СРД мәселелері бойынша сауаттылығы мен хабардар болуын арттыру үшін ведомствоаралық өзара іс-әрекетті күшейту (негізінен ҚР Денсаулық сақтау министрлігімен (бұдан әрі — ҚР ДСМ)).
- 2** Қазіргі мектептік білім беру жүйесіне жыныстық сауат ашуды интеграциялау жұмысын бастау, ол үшін ҚР ДСМ, бұл бағытта жұмыс жасайтын ұйымдар мен зерттеушілерді тарту.
- 3** Тиісті ұйымдармен, институттармен мектеп мұғалімдерінің біліктілігін арттыру шеңберінде жыныстық сауат ашу жөніндегі курстарды әзірлеуге ынталандыру.

33 Ibid., 4. Қ. Қабатова, С. Маринин.

АЗАМАТТЫҚ ҚОҒАМҒА ЖӘНЕ ҮКІМЕТТІК ЕМЕС ҰЙЫМДАРҒА

- 1** ҚР мектептерінде жыныстық сауат ашуды енгізуді адвокациялау мақсатында бірігу, тәжірибемен, біліммен алмасу.
- 2** Пайда болатын патриархалдық және кемсітуші әдебиет пен телебағдарламаларға қарсы ғылыми көзқарасқа негізделген және жыныстық сауат ашу мен гендерлік теңқұқықтық тақырыбына байланысты мектептерге арналған сапалы ағартушылық жобалар мен қосымша оқыту курстарын құру.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ БАЛА ҚҰҚЫҚТАРЫ ЖӨНІНДЕГІ УӘКІЛ

- 1** Жастар мен ата-аналардың жыныстық сауатын ашуды қолдау.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ МЕДИА ҚОҒАМДАСТЫҒЫНА

- 1** Сындарлы қоғамдық пікірталасқа ықпал ете отырып, шынайылық, ғылыми көзқарас, фактілерді саралап беру тұрғысынан жастардың жыныстық сауатын ашу, сексуалды және репродуктивті денсаулық тақырыптарын жариялауға ұмтылу.

ҚОРЫТЫНДЫ

Бұл жұмыс — қазақстандық қоғамды жастардың жыныстық сауаттылығының төмендігіне және, тұтастай алғанда, Қазақстандағы жеке, отбасылық өзара қарым-қатынастар мәдениетінің төмендігіне қатысты мәселеге тиісті назар аудару үшін ілгерілетуге кезекті талпыныс. Осы екі мәселе де қоғамымыздағы гендерлік теңқұқықтықтың жеткіліксіз деңгейімен, жеткіліксіз ақпараттандырылуымен және гендерлік стереотиптердің күштілігімен байланысты. Ерлер мен әйелдер арасында теңдік бар болып көрінгенмен, жоспарланбаған жүктілік, жыныстық және отбасындағы зорлық-зомбылық жағдайында кінә жүгі әйелдерге, қыздарға, қыз балаларға артылады. Көптеген зерттеулер көрсеткендей, әйел адам қанша жерден өзін инабатты ұстаса да, өзіне бағытталған зорлық-зомбылыққа жол бермеуге күші жетпейді. Жыныстық инфекциялар мен жүктіліктен қорғану үшін қыздар жағымсыз жыныстық қатынастан бас тарту үшін өзін сенімді сезінуі тиіс, ал келісім берген жағдайда сақтану әдістерін қолдану керек.

Қазіргі жастардың мінез-құлқының «жүгенсіздігі» жайлы шексіз дауласуға, жасөспірімдердің бір-біріне, өзінің өзгеріп келе жатқан тәніне, тәжірибе арқылы әлемді зерделеу мен тануына деген табиғи қызығушылығын жоққа шығаруға болады. Бірақ жасөспірімдердің есею құқын қабылдамауға болмайды, ал біздің қоғам ретіндегі жауапкершілігіміз — оларға мұны өзіне қатысты аз шығынмен жасауға көмектесу. Факт факт болып

қалады: Қазақстанда сексуалдық дебюттің орташа жасы — 16,5 жас. Білімге қолжетімділіктің болмауы, қаржылық тәуелділік және отбасындағы зорлық-зомбылық сияқты салдары бар ерте жастағы некеге отыруға немесе ерте жасанды түсік жасатуға, баланы қалдыруға мәжбүр болуға әкеп соғатын жоспарланбаған жүктіліктен, жыныстық жолмен берілетін инфекциялардан (ЖЖБИ) қорғану үшін жастарда жеткілікті білім жоқ.

Қазақстандық ата-аналар сияқты балаларға түрлі тыйымдар салуға болады. Бірақ одан пайда жоқ. Жасөспірімдер жүктілігі мен ЖЖБИ таралуы бойынша статистика бұны растайды. Бұл жерде іс жастардың адамгершілік тұрғысынан құлдырауында емес, осыған қатысты білімнің жоқтығында. Осы зерттеуде біз жасөспірімдер мен ата-аналардың білімдеріндегі олқылықтарды зерделедік, олардың жыныстық сауат ашуға қатысты қауіптері мен қажеттіліктерін білдік. Жыныстық сауат ашуға деген мұқтаждық жасөспірімдерде де, ата-аналарда да бар. Мектепте оқыту аясында жыныстық сауат ашу қажеттілігі бұрыннан пісіп-жетіліп, оны жүзеге асырудың уақыты келді.

Бұл жұмыс — сондай-ақ түрлі стейкхолдерлерді – білім беру, денсаулық сақтау және халықты ақпараттандыру саласындағы саясатқа жауап беретін ведомстволар мен институттарды, зерттеушілерді, үкіметтік емес және халықаралық ұйымдарды, білім беру мекемелерін, белсенділерді бір-бірін естіп, бірге шешім іздеуге қатысты консервативті пікірталасқа шақыру. Бұл білім мен тәжірибе алмасуға, жанасу нүктелерін табуға және бірге жұмыс жасауға шақыру. Адам капиталының сапасы мен дамуына қамқорлық жасамай, халық санын жай ғана арттырып емес, салауатты қоғамның болуын қаласақ, онда салауатты қарым-қатынас, өзара құрмет, кемсітпеушілік және сексуалды және репродуктивті денсаулыққа қамқорлық жасау тұрғысынан жас ұрпақтың білімін арттыруымыз қажет.

ҚОСЫМША 1. ЖЫНЫСТЫҚ САУАТ АШУДЫҢ БОЛЖАМДЫ МАЗМҰНЫ

Мұнда Қазақстанда оқу бағдарламасын әзірлеу кезінде сүйенуге болатын жыныстық сауат ашу саласындағы негізгі тақырыптар, оқушылардың күтілетін білімдері мен дағдылары бойынша ұсынымдар берілген. Ұсынымдар мектептегі білім берудің барлық үш сатысын қамтиды: бастауыш буын, орта және жоғарғы және адамның салауатты, қауіпсіз, үйлесімді дамуы үшін қажетті базалық білім мен дағдыларды көрсетеді. Мектептегі жыныстық сауат ашудың осы болжамды мазмұнын әзірлегенде, біз өткізілген фокус-топтардың талдауына, жергілікті және халықаралық сарапшылардан алынған ақпаратқа және жыныстық сауат ашудың шотландтық жүйесіне сүйендік.

Шотландияда «Қарым-қатынас, жыныстық денсаулық және ата-ана»³⁴ атты 3 жастан 18 жасқа дейінгі балалардың жыныстық сауатын ашу бағдарламасы 2019 жылдың қыркүйегінде күшіне енді. Бірнеше жыл бойы бағдарламаны балалар, ата-аналар және мұғалімдер көмегімен әзірлеп, сынақтан өткізді, сондықтан ол барлық үш топтың қажеттіліктеріне барынша жақындады. Неге дәл осы шотландтық тәжірибе ескерілді? Саяси және экономикалық тұрғыдан Қазақстан мен Шотландияның арасындағы айқын айырмашылыққа қарамастан, елдердің мәдени және әлеуметтік контекстері көп ортақ.

Шотландия қоғамы Қазақстандағы сияқты діни және консервативті, ата-аналар жиі жыныстық сауат ашудың мәнін түсіне бермейді және осындай бастамаларға қарсы келеді.³⁵ Соңғы он жылда Шотландиядағы жасөспірімдер жүктілігінің саны білім беру, денсаулық сақтау және азаматтық сектор жүйелерінің күш-жігерінің арқасында тез арада қысқаруда. 2017 жылдың соңында 1000 жасөспірім қызға 30,2 жүктілік келді,³⁶ Шотландияда бұл көрсеткіш Батыс және Солтүстік Еуропа елдерінің арасында тарихи ең жоғары болды.³⁷ Жасөспірімдер жүктіліктерінің ең көп саны елдің экономикалық жағынан әл-ауқаты төмен аймақтарында болды, бұл ретте әйелдер үшін жастайынан бала тууды бастау қалыпты жағдай еді.³⁸ Бұл тағы да республиканың ең тығыз қоныстанған, консервативті бөлігі, сондай-ақ елдегі жасөспірімдер жүктілігінің саны бойынша ең жоғары көрсеткіштерімен белгілі Қазақстанның оңтүстігімен параллель жүргізуге мүмкіндік береді.

Сонымен қатар, шотландиялық полициямен тіркелген әйелдер мен балаларға қарсы жыныстық сипаттағы қылмыстар саны соңғы он жылда жыл сайын өсуде.³⁹ Статистикаға сенсек, біздің елде соңғы он жылда «өмір әйелдер үшін қауіптірек болмаса, [қ]ауіпсіз де болған жоқ»⁴⁰ — Қазақстан ТМД-ның басқа елдерінен «жыныстық зорлық-зомбылыққа қатысты тіркелген қылмыстар саны бойынша»⁴¹ алдыңғы қатарда. Бұл ретте зорлау жағдайларының тек 8,4% — 35%-ы ғана полицияда тіркелетіні

34 "Home." Relationships, Sexual Health and Parenthood. Accessed December 31, 2019. // <https://rshp.scot/>.

35 McLaughlin, Mark. "Parents Take on John Swinney over Porn Lessons in New Curriculum." Scotland | The Times. The Times, October 9, 2019. // <https://www.thetimes.co.uk/article/parents-take-on-john-swinney-over-porn-lessons-in-new-curriculum-38chf2v5h>.

36 "Teenage Pregnancy." Public Health Information for Scotland. Accessed December 30, 2019. // <https://www.scotpho.org.uk/behaviour/sexual-health/data/teenage-pregnancy/>.

37 Davidson, Gina. "Teenage Pregnancies in Scotland at a Record Low." The Scotsman, July 2, 2019. // <https://www.scotsman.com/health/teenage-pregnancies-in-scotland-at-a-record-low-1-4957458>.

38 "Dundee No Longer Teen Pregnancy Capital of Europe as Rates Plummet." Evening Telegraph, July 25, 2015. // <https://www.eveningtelegraph.co.uk/2015/04/21/dundee-no-longer-teen-pregnancy-capital-of-europe-as-rates-plummet/>.

39 "Facts about Sexual Violence." Rape Crisis Scotland. Accessed December 31, 2019. // https://www.rapecrisisscotland.org.uk/help-facts/#faq_3.

40 Мекишева, Әйгерім. "Қазақстан шын мәнінде жыныстық зорлық-зомбылық құрбандарының саны бойынша ТМД-да алдыңғы қатарда ма." Factcheck.kz, August 13, 2019. // <https://factcheck.kz/socium/dejstvitelno-li-kazahstan-lidiruet-v-sng-po-chislu-zhertv-seksualnogo-nasiliya/>.

41 Ibid.

туралы әлемдік фактіні ескеру қажет.⁴² Балаларға қарсы бағытталған қылмыстармен де жағдай қынжыларлық: «2018 жылы Қазақстанда әрбір 10 тәулік сайын алты кәметке толмаған бала жыныстық зорлық-зомбылықтың құрбаны болды».⁴³

2019 жылы қыркүйекте мектептерге енгізілген жыныстық сауат ашу бағдарламасы табысты тәжірибеге негізделген, ол барлық мәдени қиындықтарды қабылдамауға қарамастан, он жыл ішінде 18 жастағы қыздар арасындағы жүктілік санын 60%-ға, ал 16 жастағы қыздар арасында — на 70%-ға қысқартуға мүмкіндік берді.⁴⁴ Сондықтан біз ұсынымдарды қалыптастыру кезінде осы бағдарламаға сүйенуді қолайлы деп санадық және оны қазақстандық мәдени контекстке бейімдеуге тырыстық.

42 Ibid.

43 Мекишева, Әйгерім. “Қазақстанда әр үш сағат сайын әйелді, әр тәулік сайын екі баланы зорлайды. Бұл рас па.” Factcheck.kz, September 6, 2019. // <https://factcheck.kz/claim-checking/verdict/kazhdye-tri-chasa-v-kazaxstane-nasiluyut-zhenshinu-kazhdye-sutki-dvoix-detej-tak-li-eto/>.

44 Ibid., 17.

ҚОСЫМША 2. ЖЫНЫСТЫҚ САУАТ АШУДЫҢ БОЛЖАМДЫ МАЗМҰНЫ: КІШІ БУЫН

БАЛАҒА 10 ЖАСҚА ДЕЙІН АЛУЫ ҚАЖЕТ БІЛІМ МЕН ДАҒДЫЛАР

НЕГІЗГІ ТАҚЫРЫПТАР	АЛАТЫН БІЛІМДЕРІ	ОҚУШЫНЫҢ КҮТІЛЕТІН ДАҒДЫЛАРЫ
<p>САЛАУАТТЫ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАС</p> <ul style="list-style-type: none">• Достық дегеніміз не?<ul style="list-style-type: none">- Берік достық болу үшін қандай қасиеттер маңызды (эмпатия мен мейірімділік)- Жақсы дос дегеніміз кім?- Бәріне дос болма, бірақ жылы шыраймен қара- Ұлдар мен қыздарға қатысты стереотиптер (гендерлік стереотиптер)- Қыздар мен ұлдардың құқықтары мен мүмкіндіктерінің теңдігі (гендерлік теңдік)• Отбасы және қауіпсіздік<ul style="list-style-type: none">- Отбасы түрлері (бір ата-анамен, ата-анасыз, қамқоршымен, т.б.)- Маған қамқорлық көрсететін және көмекке келетін ересектер• Махаббат дегеніміз не?<ul style="list-style-type: none">- біреу сүйгенде, адам нені сезінеді- өзіңді сүю- бала мен ата-ана арасындағы махаббат• Онлайн достық<ul style="list-style-type: none">- Интернетте не орналастыруға болады	<p>Достықтың, ұнатудың, жек көрудің қалай қалыптасатынын білемін және адамдардың ерекше қажеттіліктері мен қасиеттері олардың қарым-қатынасына әсер етуі мүмкін.</p> <p>Мен достық пен жағымды қарым-қатынастар адамның денсаулығы мен әл-ауқатын сақтауға көмектесетінін білемін.</p> <p>Мен қарым-қатынас өзгеруі мүмкін екенін түсінемін және осы өзгерістерді жеңе аламын; мен бұл дағдының эмоционалдық күйіме жақсы әсер ететінін түсінемін.</p> <p>Мен жеке кеңістік пен шекараны құрметтеу керек екенін түсінемін; мен вербалды және вербалды емес коммуникацияны түсінемін және тиісті жауап бере аламын.</p> <p>Мен маған қамқорлық жасайтын адамдар бар екенін білемін және бұл адамдар ата-аналар, қамқоршылар немесе басқа да ересектер болуы мүмкін.</p>	<ul style="list-style-type: none">• Қарым-қатынас пен достықтың түрлерін ажырата алады• Шыдамдылық, эмпатия, адалдық, мейірімділік, төзімділік, өзара сенім, құрмет сияқты қарым-қатынасты қолдау үшін қажетті дағдыларды ажырата алады.• Оң қарым-қатынастардың адамның эмоционалдық әл-ауқатына әсерін түсіндіре алады.• Отбасының түрлі болатынын және әр түрлі адамдар (тек ата-анасы ғана емес) балаларға қамқорлық жасай алатынын түсіндіре алады.

НЕГІЗГІ ТАҚЫРЫПТАР	АЛАТЫН БІЛІМДЕРІ	ОҚУШЫНЫҢ КҮТІЛЕТІН ДАҒДЫЛАРЫ
<ul style="list-style-type: none"> • Адамдардың алуан түрлілігі және инклюзивті қатынасы: <ul style="list-style-type: none"> - қыздар мен ұлдардың дене құрылысындағы ұқсастықтар мен айырмашылықтар - мүгедектігі бар адамдар • Гигиена дегеніміз не? <ul style="list-style-type: none"> - Қолды дұрыс жуу және дәретханаға бару - Өз денеңді, киімді және үйді неліктен және қалай тазалықта ұстау керек - Бактерия деген не және тердің пайда болуы • Жыныстық жетілу және өтпелі кезең <ul style="list-style-type: none"> - менің денем 9-дан 16 жасқа дейін қалай өзгереді - гормондар қалай әсер етеді - менструация, эрекция, еріксіз ұрық шашу - менструация – қалыпты жағдай (мифтер, қалай болады, гигиена құралдары) 	<p>Мен денелердің әр түрлі болатынын түсінемін, қыздар мен ұлдар денелерінің айырмашылықтары.</p> <p>Мен денемнің өсіп келе жатқанын және денемнің түрлі бөліктерінің дұрыс аталуын, қалай жұмыс істейтінін білемін.</p> <p>Мен өсіп келе жатқан денемдегі өзгерістердің өзімнің қалай сезініп, ұстауыма әсер ететінін түсінемін.</p> <p>Мен жыныстық жетілу кезінде тәндік және эмоциялық өзгерістерді сипаттай аламын; олардың неге солай болып жатқанын және жеке гигиенаны сақтау қандай маңызды екенін түсінемін.</p>	<ul style="list-style-type: none"> • Әрбір адам бірегей екенін түсінеді; әр түрлі жыныстағы адамдардың ұқсастығы мен айырмашылықтарын атай алады. • Әр адамның дамуы мен өсуі жеке дара екенін түсіндіре алады. • Репродуктивті органдарды қоса алғанда, дұрыс терминологияны біледі, мысалы, кеуде, пенис, т.б. • Өз денесі мен сыртқы келбетінің оң жақтарын таниды. • Эмоцияларды қалай жеңуге болатынын біледі, мысалы, біреумен сөйлесуге немесе дем алуға болады. • Жыныстық жетілу кезінде тәндік және эмоциялық өзгерістерді, оның ішінде эрекцияны, еріксіз ұрық шашуды, етеккірді, гормондарды, көңіл-күй өзгерістерін сипаттай алады. • Жыныстық жетілу кезіндегі жеке гигиенаны ұстану тәсілдерін сипаттай алады.

НЕГІЗГІ ТАҚЫРЫПТАР

АЛАТЫН БІЛІМДЕРІ

ОҚУШЫНЫҢ КҮТІЛЕТІН ДАҒДЫЛАРЫ

- **Менің тәнім – менің құқықтарым**
 - жеке шекара және жеке кеңістік дегеніміз не
 - менің денем тек өзіме тиесілі
 - өз денеміз бен сыртқы келбетімізге оң көзқараспен қарау
 - басқа адамның тәніне құрметпен қарау
- **Балаларға қарсы зорлық-зомбылықтың түрлері**
 - физикалық
 - жыныстық
 - менсінбеу
- **Онлайн қауіпсіздік**
 - кибер қудалау
 - онлайн груминг
 - секстинг
 - порнография
 - көмекке қайда жүгінуге болады

Мен өз денеме қалай қамқорлық жасау керектігін және кімнен көмек/ақыл сұрау керектігін білемін.

Мен өз денеме құрметпен қарауға үйренудемін, дұрыс және бұрыс мінез-құлық туралы танып-білудемін.

Мен кез келген зорлық-зомбылық түрлерінің өрескел екенін білемін және мен өзімді қауіпсіздікте сақтап, қажет болса, көмек іздеуге үйренемін.

Мен адам өмірі қалай пайда болатынын және бала қалай туатынын сипаттай аламын.

- Адамдарға жеке кеңістіктің не үшін қажет екенін түсіндіре алады.
- Адамдармен ұйғарынды жақындықты сақтай отырып, өз сезімдерін білдіре алады.
- Өрескел мінезге дұрыс жауап қайтарады, мысалы, 3-сатылық модельді қолдану: «жоқ» деп айту=> кетіп қалу => сенім артатын адамыңа айту.
- Бір жағдайға қатысты алаңдаса, кімнен көмек сұрауға болатынын біледі.
- Зорлықшыл қарым-қатынас пен қудалауды ажырата алады, мысалы, онлайн немесе жеке қатынасу кезінде, және қайдан көмек сұрау керектігін біледі.
- Зорлық-зомбылық қаупі төнген кезде өз құқықтарын түсіндіре алады.

- **Ата-ана/қамқоршылар**
 - бала сау, бақытты және қауіпсіздікте өсу үшін нені білу керек
 - мен қандай ата-ана боламын

Мен ата-ананың немесе қамқоршының рөлін және осы рөлге қажетті дағдыларды, қасиеттерді сипаттай аламын.

- Ата-ана/қамқоршы болуға қажетті дағдылар мен қасиеттерді сипаттай алады, мысалы, жауапкершілік, махаббат, төзімділік, әзіл-оспақты түсіне білу.

ҚОСЫМША 3. ЖЫНЫСТЫҚ САУАТ АШУДЫҢ БОЛЖАМДЫ МАЗМҰНЫ: ОРТА БУЫН

БАЛАҒА 14 ЖАСҚА ДЕЙІН АЛУЫ ҚАЖЕТ БІЛІМ МЕН ДАҒДЫЛАР

НЕГІЗГІ ТАҚЫРЫПТАР	АЛАТЫН БІЛІМДЕРІ	ОҚУШЫНЫҢ КҮТІЛЕТІН ДАҒДЫЛАРЫ
<p>СЛАУАТТЫ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАС</p> <ul style="list-style-type: none">• Эмоциялық/психикалық денсаулық<ul style="list-style-type: none">- депрессия, беймазальық, стресс- тағам қабылдаудағы бұзылыстар- дене мүшесін зақымдаушылық (селф-харм)- ішімдікке салыну және есірткі қиянатын тарту• Жыныс және гендер<ul style="list-style-type: none">- Әйелдер және ерлер құқықтары мен мүмкіндіктерінің теңдігі (гендерлік теңдік)- гендерлік стереотиптер• салауатты және қырғи-қабақ қарым-қатынастар• Медиа және әлеуметтік желілердің ықпалы	<p>Мен қарым-қатынаста бір-біріне қамқорлық жасаудың қаншалықты маңызды екенін түсінемін және себебін түсіндіре аламын.</p> <p>Мен түрлі қарым-қатынас жасау үшін қандай дағдылар мен қасиеттер керек екенін түсінемін.</p> <p>Мен махаббат пен сексуалдық қарым-қатынастар үшін жауапкершілік, сенім және құрмет маңызды және қажет екенін түсінемін және түсіндіре аламын. Мен некені қоса алғанда, мұндай қарым-қатынастар мүмкін түрлі контекстерді түсінемін.</p> <p>Мен қарым-қатынаста биліктің болуын және оны оң арнаға да, теріс бағытқа да бағыттай алатынын түсінемін.</p> <p>Мен жеке кеңістік пен шекараларға құрметпен қарау керектігін білемін және вербальды және вербальды емес коммуникацияға жұрыс жауап қайтара аламын.</p>	<ul style="list-style-type: none">• Неге жауапкершілік, сенім және құрмет бұл бір адамға деген қамқорлықтың негізі екенін түсіндіре алады.• Махаббат пен сексуалдық қарым-қатынастың алуын түрлілігін құрметтейді және түсінеді, мысалы, неке, бірге өмір сүру, балаларды бірге тәрбиелеу.• Биліктің теңгерімсіздігі қарым-қатынасқа, соның ішінде жыныстық қатынастарға қалай әсер ететінін түсіндіре алады, мысалы, келісім, мәжбүрлеу, әрекеттер мен шешімдер үшін жауапкершілік.

НЕГІЗГІ ТАҚЫРЫПТАР	АЛАТЫН БІЛІМДЕРІ	ОҚУШЫНЫҢ КҮТІЛЕТІН DAҒДЫЛАРЫ
<ul style="list-style-type: none"> • Қыздар мен ұлдардың жыныстық жетілуі • Менструация • Дене бейнесі – қазіргі заманғы медиа және поп-мәдениет сұлулық пен дененің реалистік емес стандарттарын қалай насихаттайды • Жүктілік: шындық және мифтер 	<p>Мен денемнің бірегей екенін түсінемін; басқа адамдардағы сияқты менде сексуалдылық дамиды.</p> <p>Мен поп-мәдениеттің, қазіргі заманғы медианың, құрдастар тарапынан көрсетілетін қысымның қалай сезінетініме, жүріс-тұрысыма әсер ететінін білемін.</p>	<ul style="list-style-type: none"> • Жыныстық жетілудің ықпалын түсінеді. • Өз денесінің бейнесіне оң және теріс көзқарас денсаулыққа, өзін-өзі бағалауға және мінез-құлыққа қалай әсер ететінін сипаттай алады, мысалы, дене мүшесін зақымдау (селф-харм), тағамдық бұзылулар, өзіне деген сенімділіктің төмендігі. • Әлеуметтік желілер мен порнографияны қоса алғанда, медианың тәндік және психикалық денсаулыққа әсер етуіне қатысты баға бере алады.

	НЕГІЗГІ ТАҚЫРЫПТАР	АЛАТЫН БІЛІМДЕРІ	ОҚУШЫНЫҢ КҮТІЛЕТІН DAҒДЫЛАРЫ
СЕКСУАЛДЫ ЖӘНЕ РЕПРОДУКТИВТІ ДЕНСАУЛЫҚ	<ul style="list-style-type: none"> • Порнография неліктен жаман оқулық • Келісім тұжырымдамасы • Жыныстық жолмен берілетін инфекциялар (ЖЖБИ), АИТВ • Жастардың денсаулық орталықтары 	<p>Мен қарым-қатынас және жыныстық мінез-құлық туралы шешім қабылдау дағдыларын дамытамын. Мен бұл дағдыларды қиын жағдайларда қолдана аламын.</p> <p>Мен сенімдерімнің, құндылықтарым мен қағидаттарымның достық, өзара қарым-қатынас және жыныстық мінез-құлық туралы шешімдеріме қалай әсер ететіні жайында ойлаймын. Өз білімдерімді қолдана отырып, мен сексуалды-репродуктивті денсаулығымды (СРД) қалай қорғау керектігі жөнінде хабардар шешімдер қабылдай аламын және басқа адамға зиян келтірмеймін.</p> <p>Егер менің СРД-ма қатер төнсе, мен ақпарат пен қызмет алуыма қайда бару керектігін білемін.</p> <p>Мен зорлық-зомбылық жағдайларында қолдау мен көмекті қайдан табуға болатынын білемін және мені түрлі зорлық-зомбылықтан қорғайтын заңдардың бар екенін білемін.</p>	<ul style="list-style-type: none"> • Әлеуметтік желілерді қоса алғанда, медиадағы бейнелерге сенімділік пен сыни ойлау арқылы қарсы тұра білу қабілетін көрсетеді. • Қауіпсіз секске қатысты, мысалы, қалаусыз жүктілікті болдырмау, сақтану құралдарын пайдалану бойынша өзара жауапкершілік туралы конструктивті диалог жүргізе алады, қалаусыз жыныстық қатынастан бас тарта алады. • Келісім тұжырымдамасын сипаттай алады және секске келісім беруге болатын заңды жасты біледі. • Контрацепцияны не үшін қолдану қажет екенін айта алады, мысалы, инфекциялардан қорғану және жүктілікті болдырмау үшін. • Бала біту мен адамның туылу процесін, жүктілік белгілерін сипаттай алады. • Өзіне қатысты зорлық-зомбылық немесе келіспейтін жыныстық мінез-құлық танытқанда қалай әрекет ететінін біледі, мысалы, дұрыс емес қарым-қатынасты қалай аяқтау керектігін, полицияға қалай жүгінуге болатынын біледі.
ЖАУАПТЫ АТА-АНА	<ul style="list-style-type: none"> • Ата-ана/қамқоршы болу нені білдіреді • Ата-ананың/қамқоршының міндеттері мен жауапкершілігі 	<p>Мен ата-ананың/қамқоршының үздіксіз кешенді жауапкершілігі дегеніміз не және бұл рөл менің өмірдегі шешімдерім мен мүмкіндіктеріме қалай әсер етуі мүмкін екендігін түсіндіре аламын.</p>	<ul style="list-style-type: none"> • Ата-ананың өз өміріне қысқа мерзімді және ұзақ мерзімді ықпалын түсіндіре алады, мысалы, жауапкершілік, қаржылық және тәндік қажеттіліктер, т.б.

ҚОСЫМША 4. ЖЫНЫСТЫҚ САУАТ АШУДЫҢ БОЛЖАМДЫ МАЗМҰНЫ: ЖОҒАРҒЫ БУЫН

БАЛАҒА 18 ЖАСҚА ДЕЙІН АЛУЫ ҚАЖЕТ БІЛІМ МЕН ДАҒДЫЛАР

НЕГІЗГІ ТАҚЫРЫПТАР	АЛАТЫН БІЛІМДЕРІ	ОҚУШЫНЫҢ КҮТІЛЕТІН ДАҒДЫЛАРЫ
<p>САЛАУАТТЫ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАС</p> <ul style="list-style-type: none">• Эмоциялық денсаулық және әл-ауқат• Романтикалық және махаббат қатынастары• Салауатты және дұрыс емес қатынастар• Теңдік, феминизм және жыныстық алымсақтық	<p>Мен қарым-қатынаста бір-біріне қамқорлық жасаудың қалай маңызды екенін түсінемін және себебін түсіндіре аламын.</p> <p>Мен түрлі қарым-қатынас жасау үшін қандай дағдылар мен қасиеттер керек екенін түсінемін.</p> <p>Мен махаббат пен сексуалдық қарым-қатынастар үшін жауапкершілік, сенім және құрмет маңызды және қажет екенін түсінемін және түсіндіре аламын. Мен некені қоса алғанда, мұндай қарым-қатынастар мүмкін түрлі контекстерді түсінемін.</p> <p>Мен қарым-қатынаста биліктің болуын және оны оң арнаға да, теріс бағытқа да бағыттай алатынын түсінемін.</p> <p>Мен жеке кеңістік пен шекараларға құрметпен қарау керектігін білемін және вербальды және вербальды емес коммуникацияға жұрыс жауап қайтара аламын.</p>	<ul style="list-style-type: none">• Неге жауапкершілік, сенім және құрмет бұл бір адамға деген қамқорлықтың негізі екенін түсіндіре алады.• Жалпы құндылықтар мен мақсаттардың махаббат пен сексуалдық қарым-қатынастарды қолдау үшін неге маңызды екенін түсіндіре алады, мысалы, өзара құрмет, секске екі жақты келісім.• Биліктің теңгерімсіздігі қарым-қатынасқа, соның ішінде жыныстық қатынастарға қалай әсер ететінін түсіндіре алады, мысалы, келісім, мәжбүрлеу, әрекеттер мен шешімдер үшін жауапкершілік.

	НЕГІЗГІ ТАҚЫРЫПТАР	АЛАТЫН БІЛІМДЕРІ	ОҚУШЫНЫҢ КҮТІЛЕТІН ДАҒДЫЛАРЫ
ДЕНЕДЕГІ ӨЗГЕРІСТЕР	<ul style="list-style-type: none"> • Медиа мен әлеуметтік желілердегі дененің бейнесі • Әйелдер анатомиясы • Ерлер анатомиясы 	<p>Мен денемнің бірегей екенін түсінемін; басқа адамдардағы сияқты менде сексуалдылық дамиды.</p> <p>Мен поп-мәдениеттің, қазіргі заманғы медианың, құрдастар тарапынан көрсетілетін қысымның қалай сезінетініме, жүріс-тұрысыма әсер ететінін білемін.</p>	<ul style="list-style-type: none"> • Адамдардың алуан түрлілігін және қалауларын түсінеді және құрметтейді • Өз денесінің бейнесіне оң және теріс көзқарас денсаулыққа, өзін-өзі бағалауға және мінез-құлыққа қалай әсер ететінін сипаттай алады, мысалы, өз-өзіне жеткіліктілікті дамыту, сұлулық пен тән индустриясының күтулеріне қарсы тұру. • Әлеуметтік желілер мен порнографияны қоса алғанда, медианың тәндік және психикалық денсаулыққа әсер етуіне қатысты баға бере алады.
ЖАУАПТЫ АТА-АНА	<ul style="list-style-type: none"> • Ата-ана/қамқоршы болу нені білдіреді • Ата-ананың/қамқоршының міндеттері мен жауапкершілігі 	<p>Мен ата-ананың/қамқоршының үздіксіз кешенді жауапкершілігі дегеніміз не және бұл рөл менің өмірдегі шешімдерім мен мүмкіндіктеріме қалай әсер етуі мүмкін екендігін түсіндіре аламын.</p>	<ul style="list-style-type: none"> • Ата-ананың өз өміріне қысқа мерзімді және ұзақ мерзімді ықпалын түсіндіре алады, мысалы, жауапкершілік, қаржылық және тәндік қажеттіліктер, т.б.

НЕГІЗГІ ТАҚЫРЫПТАР	АЛАТЫН БІЛІМДЕРІ	ОҚУШЫНЫҢ КҮТІЛЕТІН ДАҒДЫЛАРЫ
<ul style="list-style-type: none"> • Сесуалдылық деген не • Жыныстық қарым-қатынас • Жыныстық құқықтар және сесуалды-репродуктивті денсаулыққа (СРД) қатысты құқықтар • Қорғалған сеск және контрацепция таңдау • Адам өмірінің пайда болуы <ul style="list-style-type: none"> - ұрықталу қалай өтеді - құрсақтағы баланың дамуы - босану қалай өтеді • Жастардың денсаулық орталықтары • Жыныстық жолмен берілетін инфекциялар (ЖЖБИ), АИТВ 	<p>Мен қарым-қатынас және жыныстық мінез-құлық туралы шешім қабылдау дағдыларын дамытамын. Мен бұл дағдыларды қиын жағдайларда қолдана аламын.</p> <p>Мен сенімдерімнің, құндылықтарым мен қағидаттарымның достық, өзара қарым-қатынас және жыныстық мінез-құлық туралы шешімдеріме қалай әсер ететіні жайында ойлаймын. Өз білімдерімді қолдана отырып, мен сесуалды-репродуктивті денсаулығымды (СРД) қалай қорғау керектігі жөнінде хабардар шешімдер қабылдай аламын және басқа адамға зиян келтірмеймін.</p> <p>Егер менің СРД-ма қатер төнсе, мен ақпаратпен қызмет алуыма қайда бару керектігін білемін.</p> <p>Мен зорлық-зомбылық жағдайларында қолдау мен көмекті қайдан табуға болатынын білемін және мені түрлі зорлық-зомбылықтан қорғайтын заңдардың бар екенін білемін.</p>	<ul style="list-style-type: none"> • Жыныстық қатынасты қоса алғанда, өзара қарым-қатынастардағы қиындықтарды жеңе білуді көрсетеді, мысалы, келісім жасасуға дайындығы, эмпатия, табандылық. • Қауіпсіз және рахатқа бөлейтін жыныстық қатынасқа байланысты құқықтар мен жауапкершілікті түсінеді. • Қауіпсіз сескке қатысты, мысалы, қалаусыз жүктілікті болдырмау, сақтану құралдарын пайдалану бойынша өзара жауапкершілік туралы конструктивті диалог жүргізе алады, қалаусыз жыныстық қатынастан бас тарта алады. • Келісім тұжырымдамасын сипаттай алады және сескке келісім беруге болатын заңды жасты біледі. • Контрацепцияны не үшін қолдану қажет екенін айта алады, мысалы, инфекциялардан қорғану және жүктілікті болдырмау үшін. • Бала біту мен адамның туылу процесін, жүктілік белгілерін сипаттай алады. • Өзіне қатысты зорлық-зомбылық немесе келіспейтін жыныстық мінез-құлық танытқанда қалай әрекет ететінін біледі, мысалы, дұрыс емес қарым-қатынасты қалай аяқтау керектігін, полицияға қалай жүгінуге болатынын біледі.

ҚОЛДАНЫЛҒАН ДЕРЕККӨЗДЕР

1. Алимбеков Г.Т. және Шабденова А.Б. 15-19 жастағы жасөспірімдер мен жастардың репродуктивті денсаулық жағдайын, олардың жыныстық мінез-құлқын және репродуктивті денсаулықты қорғау саласындағы қызметтер мен ақпараттардың қолжетімдігін зерттеу бойынша әлеуметтік зерттеу. — Қоғамдық пікірді зерттеу орталығы: Алматы, 2018 ж.
2. Профессор Пьерра-Андре Мишоның (Pierre-André Michaud) сөз сөйлеуі. «Барлық жасөспірімдерге арналған салауатты даму үшін тең мүмкіндіктер» атты III Ұлттық конференция және 21-ші Еуропа аймақтық конференциясы IAAH 2018, Кишинев қ., Молдова, 3–5 қазан 2018 ж.
3. Автордың Джемма Аллманмен сұхбаты, Лондон қ., 12 қараша 2019 ж.
4. Автордың Аида Альжановамен сұхбаты, Алматы қ., 21 сәуір 2019 ж.
5. Автордың Сәуле Каликовамен сұхбаты, Алматы қ., 19 қыркүйек 2019 ж.
6. Автордың Әйгерім Көпеевамен сұхбаты, Нұр-Сұлтан қ., 6 желтоқсан 2019 ж.
7. Автордың Жасұлан Нұрбаевпен сұхбаты, Нұр-Сұлтан қ., 9 қыркүйек 2019 ж.
8. Автордың Райымбек Сисемалиевпен сұхбаты, Нұр-Сұлтан қ., 30 шілде 2019 ж.
9. Автордың Камила Тұяқбаевамен сұхбаты, Нұр-Сұлтан қ., 15 қазан 2019 ж.
10. Қабатова Қарлығаш және Маринин Сергей. “Қазақстан Республикасының мектепте білім беру жүйесіндегі жыныстық сауат ашу: Оқытуға болмайды, үнсіз қаламыз ба?” Soros Kazakhstan Foundation, 2018 ж. 17 сәуірінде жарияланды // https://www.soros.kz/ru/research_about_sexual_education/
11. Мекишева Әйгерім. “Қазақстан шын мәнінде жыныстық зорлық-зомбылық құрбандарының саны бойынша ТМД-да алдыңғы қатарда ма.” Factcheck.kz, 13 тамыз 2019 ж. // <https://factcheck.kz/socium/dejstvitelno-li-kazahstan-lidiruet-v-sng-po-chislu-zhertv-seksualno-go-nasiliya/>
12. Мекишева Әйгерім. “Қазақстанда әр үш сағат сайын әйелді, әр тәулік сайын екі баланы зорлайды. Бұл рас па.” Factcheck.kz, 6 қыркүйек 2019 ж. // <https://factcheck.kz/claim-checking/verdict/kazhdye-tri-chasa-v-kazaxstane-nasiluyut-zhenshhi-nu-kazhdye-sutki-dvoix-detej-tak-li-eto/>
13. Мостовая Екатерина. «Алматы облысының ауыл мұғалімі оқушы қыз балаға қатысты жасалған зорлық-зомбылықты біліп, үнсіз қалмады .” Newtimes, 5 желтоқсан 2019 ж. // <https://newtimes.kz/obshchestvo/101591-selskaya-uchitelnitsa-iz-almatinskoj-oblasti-uznala-onasilii-nad-shkolnitsej-i-ne-stala-molchat>
14. “«Денсаулық туралы» жаңа Кодекстің жобасын талқылау”. Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі, 24 тамыз 2018 ж. // <http://dsm.gov.kz/ru/content/obsuzhdenie-proekta-novogo-kodeksa-o-zdorove>

53 ҚОЛДАНЫЛҒАН ДЕРЕККӨЗДЕР //////////////////////////////////////

15. БҰҰ: Бір жыл ішінде 50 мыңға жуық әйел отбасындағы зорлық-зомбылықтан қаза тапты." Азаттық Радиосы. 9 шілде 2019 ж. // <https://rus.azattyq.org/a/30044927.html>
16. "«Репродуктивті денсаулық компонентін білім беру жүйесіне интеграциялау» семинар-тренингі". // nao.kz, 26 шілде 2019 ж. // <https://nao.kz/blogs/view/2/1124>
17. Тавокин Евгений Петрович. Элеуметтік зерттеу әдістемесінің негіздері. — Москва: ИН-ФРА-М, 2009 ж.
18. Committee on the Elimination of Discrimination against Women. "Concluding observations on the fifth periodic report of Kazakhstan", Geneva, November 8, 2019/ CEDAW/C/KAZ/CO/5.
19. Davidson, Gina. "Teenage Pregnancies in Scotland at a Record Low." The Scotsman, July 2, 2019. // <https://www.scotsman.com/health/teenage-pregnancies-in-scotland-at-a-record-low-1-4957458>
20. "Dundee No Longer Teen Pregnancy Capital of Europe as Rates Plummet." Evening Telegraph, July 25, 2015. // <https://www.eveningtelegraph.co.uk/2015/04/21/dundee-no-longer-teen-pregnancy-capital-of-europe-as-rates-plummet/>
21. "Facts about Sexual Violence." Rape Crisis Scotland. // https://www.rapecrisisscotland.org.uk/help-facts/#faq_3
22. Hadley, Alison. "Teenage Pregnancy and Young Parents: a Short Briefing." Teenage Pregnancy Knowledge Exchange, University of Bedfordshire. Luton, United Kingdom, April, 2019. // <https://www.beds.ac.uk/tpke/briefings>
23. "Home." Relationships, Sexual Health and Parenthood // <https://rshp.scot/>
24. McLaughlin, Mark. "Parents Take on John Swinney over Porn Lessons in New Curriculum." Scotland | The Times. The Times, October 9, 2019. // <https://www.thetimes.co.uk/article/parents-take-on-john-swinney-over-porn-lessons-in-new-curriculum-38chf2v5h>
25. Santelli, John; Ott, Mary A.; Lyon, Maureen; Rogers, Jennifer; Summers, Daniel; Schleifer, Rebecca. "Abstinence and abstinence-only education: A review of U.S. policies and programs" // Journal of Adolescent Health. 38 (1): 72–81. doi:10.1016/j.jadohealth.2005.10.006.
26. Sputnik/i/logo.png. "Оқушыларға арналған мүшеқаптар: Көп балалы әке-депутат ұсынысқа наразылық білдірді." Sputnik Қазақстан. Sputnik Қазақстан, 18 ақпан 2019 ж. // <https://ru.sputniknews.kz/health/20190218/9336529/prezervativy-shkolniki-mazhilis-deputat.html>
27. "Teenage Pregnancy." Public Health Information for Scotland. // <https://www.scotpho.org.uk/behaviour/sexual-health/data/teenage-pregnancy/>
28. United Nations General Assembly, Human Rights Council Working Group on the Universal Periodic Review. Thirty-Fourth Session. "Draft Report of the Working Group on the Universal Periodic Review: Kazakhstan", Geneva, November 22, 2019. https://www.upr-info.org/sites/default/files/document/kazakhstan/session_34_-_november_2019/kazakhstan_-_full_draft_report_for_circulation-ad_referendum.pdf

